

# ҚАЗАҚЫ НЕКЕ


ЖАЛЫН



# АЗАЖЫ НЕКЕ


(Салт-дәстүр жөніндегі жазбалар)

Орыс тілінен аударған —  
Ботакөз Қожабекова



АЛМАТЫ  
“ЖАЛЫН”  
1994

218



ББК 63.5  
К 17

Қазақы неке: (Салт-дәстүр жөніндегі жазбалар) /  
К 17 Орыс тілінен ауд. Б. Қожабекова.— Алматы: Жалын,  
1994.—64 бет.

ISBN 5-610-01209-0

XIX-ғасырда қазақ жерінде орыс патшасының өкілі қызметін атқарып, үкіметтің тапсырмасымен жергілікті халықтың тұрмысын, әдет-ғұрпын, мінез-құлқын зерттеген Ресей шенеуніктері көптеген қызғылықты жазбалар қалдырған. Олардың еңбектерінде қазақ дилл-сында заң орнына жүретін тәртіптер, жер дауы, жесір діуы, қазп жөнелту, қыз ұзату сияқты тұрмыстық рәсімдер жан жақты тәптіштелген.

Өткен ғасырдың бас-аяғында жарық көрген осындай жазбалар-дың құдалық, неке жөніндегі үзінділері қазақшаланатын, осы кітапшаға топтастырылып отыр.

К 4702250101 - 32 24-93  
408 (05) 94

ББК 63.5

ISBN 5-610—01209-0

© Қазақша аудармасы, Ноткина Қожабекова, 1994

# ПЕТР МАКОВЕЦКИЙ

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЗАҢ ОРНЫНА ЖҮРЕТІН  
ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР  
(1886-ЖЫЛЫ ЖАЗЫЛҒАН)



# 1

## ОТБАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

### НЕКЕЛЕСУ

Ертеректе, хан Тәукенің түсында еркек 15, әйел 16 жасында некелесуге ерікті екен. Әйелдің тұрмысқа жасы жетіп шығуын ел ағалары текке көздемесе керек, үйдің ішкі, сыртқы тіршілігінің бар тауқыметін тартатын әйелзатының еркектен гөрі естірек, төзімдірек болуы өмірдің қажеттілігі еді. Бертін келе бұл заң күшін жойып, қазақтардың некелесуіне жас жағынан шек қойылмайтын болды.

Осы некеге қатысты ежелден келе жатқан, қазір де сақталатын бір шарттың барын айта кеткен жөн. Қазақта 7 атадан қосылатын туыстардың некелесуіне тиым салынған. Өгей шешеге, асыранды қызға, келінге, енеге үйленуге болмайды. Сондай-ақ, әйелінің көзі тірісінде еркек балдызына, қайыңбикесіне, қайнағасының қызына үйлене алмайды. Бөле, немере ағайындардың некелесуіне тиым жоқ.

Неке ісінде барлық мәселені ата-ана мен ру басылары шешеді, күйеу жігіт пен қалыңдық тек солардың айтқанына құлақ асуға тиіс; көп жағдайда қыз бен жігітті бесікте жатқанда атастырып қояды. Қазақтардың құдаласу рәсімі өте күрделі, ол кейде 10 жыл немесе одан да көп уақытқа дейін созылуы мүмкін.

Ең әуелі қыз бен жігіттің әке-шешесі құдаласуға келісіп, қалың мал жөнінде сөйлеседі, жігіт әкесі осы келісімнің белгісі ретінде қызға үкі тағады. Егер қыз әкесі келісімді бұзса, үкіні қайтарып қана қоймай, айып төлейді, ал келісімді жігіт жағы бұзса, үкі қайтарылмайды. Бұл келісімнен кейін заңды құдаласу басталады. Жігіттің әкесі руының сыйлы адамдарынан құда сайлап, қыз ауылына жібереді. Қыз жағы құдаларын қарсы алып, күтіп, қайтарында киіт кигізеді. Киіт құдалардың жасына, беделіне қарай беріледі. Ең қымбат киіт жігіттің әкесіне беріледі,

оның құдалардың құрамында келу-келмеуі шарт емес. Құдалары келгенде қыз әкесі ақ кой сойып, бата оқытып, кішігірім “құда түсер” тойын жасауы керек. Осы той үстінде құдаларға құрт қатқан сорпаға салынған құйрық-бауыр тартады. Ақ қойды бауыздаған сәтте “ақ қойдың қаны ағып, ақ бата оқылды” деп бата оқып, бет сипасады.

Құйрық-бауырды қосып тартудың мәні зор: бауыр — күллі бауыр, туыс-жекжаттың белгісі, бір бауырды бөліп жеп, екі жақ бауырласқандай болады. Құйрық — малмен жан бағып отырған қазақ үшін малдың, молшылықтың белгісі, яки арадағы алыс-беріс көбейсін дегенді білдіреді. Бір жағынан құйрық-бауыр заң орнына да жүреді, алда-жалда құдалықтың барысында дау туса, билер: “құйрық-бауыр жедіңдер ме?”— деп сұрайды, құйрық-бауыр жегендері рас-талса, құдалық заңды деп саналады.

Қазақтар құдалықты қыз бен жігіттің қосылуы емес, екі отбасының туыстасуы деп санайды, демек күйеу мен қалыңдықтың біреуі өлген жағдайда да құдалық бұзылмайды. Күйеу өлсе, қалыңдық оның бойдақ бауырына тиеді, ал егер бірге туған бауыры жоқ болса, жақын аталасына тиеді, яки “аға өлсе — жеңге мұра, ақ өлсе — сауыры мұра” деген қағидаға бағынады. Егер күйеу көзі тірісінде қалыңдығына келіп-кетіп жүрген болса, онда қалыңдықты қара жамылдырып жігіт ауылына әкеледі, ол бір жыл жігіттің орнында аза тұтып отырады, сосын жігіттің інісіне немесе жекжатына тұрмысқа шығады. Қалыңдықтың әке-шешесі өлген күйеудің ата-анасының көңілін аулап “аза” мал әкеледі.

Егер қалыңдық өлсе, күйеуге оның сіңлісін ұзатады, алда-жалда өлген қалыңдықтың сіңлісі тым жас болса, ол кейін күйеудің өзімен тұрғылас інісіне шығуға міндетті болады, онда төленген қалың мал қайтарылмайды. Ал күйеу жігіт басқа біреумен некелесуге ерікті болады.

Өлген қалыңдықтың орнына берер қыз болмаса ғана қалың мал күйеуге қайтарылады.

Күйеу қалыңдығы өлгенше ұрын келіп қойған болса, онда өлген қалыңдығының туган сіңлісін не жекжат сіңлісін алмас бұрын әуелгі қалың малына үстеме төлейді. Бұрынғы бергені 27 болса — бір түйе, бір жылқы, 47 болса —4-5 түйе қосады. Ал енді күйеуге ұзатар басқа қыз болмаған жағдайда, өлген қалыңдығына ұрын келгені ескеріліп, қалың малдың жартысы ғана қайтарылады.

Күйеудің әкесі қалың малын төлеуге қандай міндетті болса, қалыңдықтың әкесі қызына жасау беруге сондай борышты. Жасаудың көлемі жайында ешқандай келісім-шарт болмайды. Қалыңдықтың әкесі қалың малдың ауқымына қарай жасау әзірледі. Орташа тұрмысты және жарлы адамдар көбіне қалың малдан кем жасау береді, өйткені олар

үшін қызын күйеуге беру — жағдайын түзеп, тұрмысын бүтіндеудің бір жолы. Ал енді 77 бастан артық қалың мал алған бай адамдар қызының жасауын қалың малынан асырып жасамаса, кем жасамайды.

Мал мен ақшадан тұратын қалың малдан жасаудың айырмашылығы — оның негізін киім-кешек, көрпе-жастық, кілем-төсеніш, үй жабдықтары, киіз үй құрайды. Малдан тек қыз мінетін ат пен жасау артатын түйе болады. Қазақтың ескілікті салты бойынша, сәукеле мен қымбат әшекейден басқа қыз киімі түгел тоғыздан берілген. Қазір ол дәстүр көп сақталмайды, әркім қал-қадірінше тірлік қылады, мәселен байлар әр киімді 40-тан берсе, кедейлер бір-бірден бергенді місе тұтады, күллі жасауын түгендеуге олардың әл-ауқаты жетпейді.

Тұтас жасау мынандай: ат, түйе, отау үй, ер, шылбыр, үзетгі, өмілдірік, күйысқан, жүген, жәмші, қамшы; ыдыстан: қазан, таған, аяқ, табақ, шөміш, қасық, құмған, төсек ағаш, кебеже, жүк аяқ, әбдіре; киімнен: сәукеле, желек, көйлек, дамбал, етік, тон, ішік, белбеу; төсек-орын: көрпе, жастық, шымылдық, киіз, түс киіз, кілем, алаша, сырмақ.

Осы аталған заттардың ішінде сәукеле мен желек арнайы тойға тіктіріледі. Желек көбіне қызыл матадан тігіледі, қалыңдық оны тойдан кейін бір жыл бойы басынан тастамайды. Сәукелені қалыңдық күйеу жігіттің ауылына келін болып түскенде киеді. Сәукеле — қалыңдықтың тек өзіне ғана тиесілі меншігі болып саналады, сондықтан ол өлгеннен кейін сәукелесі төркініне қайтарылады, оның сәукелесін тек балалары ғана иемдене алады.

Құда түсіп, қалың малын төлеген соң жігіт жағы қыздың жасауының жасалып бітуін күтеді. Ол бір жылға немесе одан да көбірек уақытқа созылуы мүмкін. Бұл аралықта күйеу жігіт қалыңдығына ұрын келіп жүреді.

Ақыры жасауы түгенделіп, қыз ұзатуға әзір болғанда күйеу жолдастарымен қалыңдықтың ауылына аттанады.

Қазақтар жыл мерзіміне қарамай той жасай береді. Тек құрбан айт пен ораза кезінде тойды тоқтата тұрады, бірақ көбіне бұл мұсылманшылық тәртіпті тек бай адамдар сақтайды.

Қыз ауылында неше күн той-думан, бәйге, ойын-сауық қызады. Жастар жолға жиналған кезде некелері қиылады. Ең әуелі қыз бен жігіт отау үйге кіріп, әрқайсысы өз шымылдығына кіреді. Жігіттің шымылдығы түріліп, қыздың шымылдығы түсіріледі. Үйде қыз-жігіттің әке-шешесі, әр жақтан екі дуғер, неке қиюшы молла қалады. Молла батасын оқып, некеленушілерден ризашылығын сұрайды. Қалыңдық пен күйеу жауап бермеуге ерікті, олардың үндемеуі — келіскендіктің белгісі деп саналады. Ал жауап бере қалған жағдайда: “Не-

келесуге разымысың?” деген сұраққа: “разы болғанмын” деп өткен шақта сөйлеуге тиіс.

Бұрынғы кезде неке қиярға ішіне күміс, інжу-маржан салынған неке суын әкелу шарт болатын. Неке суынан тек қалыңдық пен күйеу жігіт қана емес, некелесуге қатысушылар түгел ұрттайтын. Қазір бұл рәсім жасалмайды. Неке қияр біткен соң қалыңдықтың әкесі қызына: “балам, жаман болма, атаңа нәлет келтірерсің” деп; күйеу баласына: “балам, қызымды қорлама, атағымды өлтірерсің” деп тілек айтады.

Қазақтар қалыңдықтың қыз күйінде, таза келуіне қатты мән береді. Алғашқы неке түні қыздың астына “неке жаулық” деп аталатын жайма төсеген. Ертеңінде күйеу ұйқыдан оянып, төсектен тұрып кетісімен екі жеңгетай киіз үйге кіріп, ақ жайманы тексерген, қыздың тазалығының белгісін тапса, оның шешесінен сүйінші алып, бұл хабарды бүкіл ауылға таратқан. Егер күйеу ұрын келіп жүргенде қалыңдығымен жақын болса, жеңгетайларға бұл жайында алдын ала ескертуге тиіс. Бұндай жағдайда қалыңдықтың құрбылары күйеуді ортаға алып, айып төлемесен, атыңның қарнын жарып, өзіңді жаяу қалдырамыз деп қыстайды, күйеу жігіт айып төлеп құсылған.

Егер қалыңдық күйеуге дейін біреумен көңіл қосып қойып, алғашқы неке түні таза болмай шықса, күйеу бұл жайды жеңгетайларға хабарлап, олар жайсыз хабарды қалыңдықтың анасына жеткізген. Сосын анасының: “бетіме күйе жағып, елге қарамастай қылдың” деген сәлемін қызына айтып барған. Содан кейін олар қыз абыройын төккен жазықтыны іздеп тауып, билердің алдына жыққан. Қызды бүлдіруші күйеуге бір тоғыз айып төлемей құтылмайды. Қыз әкесі “қызға қырық үйден тыйым салмадың” деп әйелін сабаसा, күйеу қалыңдығының кінәсін айтып, қыз әкесіне кісі салған. Егер қыздың абыройсыздығына әке-шешесі кінәлі болса, яки оны біреуге зорлап қосса, онда күйеуге кіші қызын беруге тиіс, өйтпеген жағдайда жігіт қалың малын қайтарып алуға қақылы. Қалыңдық абыройсыз болып шыққанда жасалатын түрлі рәсімдерді “қатын шықты” деп атайды. Жігіт берген қалың малын қайтарып алу үшін куәгерлерін алдыға тартып, қыздың кінәсін дәлелдеуі керек.

Қалыңдықтың әке-шешесі мен күйеу тойға дейін кездесуге тиіс, әуелде айтқандай, күдаласу рәсіміне де оны қатыстырмайды. Қалыңдығына ұрын барғанда да болашақ қайын енесі мен атасының көзіне түспеуі керек. Қалыңдығын әкетуге барғанда ғана қайын атасымен жүздесіп, танысады. Тойдан кейін жас жұбайлар қыз ауылына үш жылға дейін бармайды. Бірақ бұл шартты бұлжытпай орындаудың реті ке-

ле бермейді, өйткені аяғынан қаз тұрғанша жастар екі жақтың да қамқорлығына зәру болады.

Күйеуге көп жеңілдік жасалғанмен, қалыңдыққа келгенде барлық тәртіп қатаң сақталады. Келін болып түскен күннен бастап ол қайын атасының, қайнағаларының, тіпті қайныларының алдынан кесіп өтпеуге тиіс. Қыз ауылға келін болып түскен кезде “келін көрімдік” ырымы жасалып, қайын ата, қайын ене, қайнағаларына жүзі көрсетіледі. Осыдан кейін тәрбие көрген келін болса, қайын атасы мен қайнағаларының, жалпы ел адамының бетіне тіктеп қарамайды.

Әдеп тек келін тарапынан ғана емес, қайын ата, қайнағалар жағынан да сақталуға тиіс. Олар да келінмен бетпе-бет келе бермеуге тырысады. Қазақтың “қатын қадір білмейді — етін көреді, келін қадір білмейді — бетін көреді” деген мақалы қайын атасы мен келіні көп жүздесе берсе, келіннің бойы үйреніп, атасынан именуді қояды дегенді білдіреді. Қазақтың отбасында әйел еркектен асып сөз сөйлемеуі керек. Жас келін алғашқы күннен бастап-ақ осы тәртіпті ұстануға тәрбиеленеді.

## II

### ҚҰДАЛАСУ, ҚЫЗ ҮЗАТУ, КЕЛІН ТҮСІРУ

Қазақтар үшін құдалықтың, құдаласудың мәні зор. Құдаласудың бұлжымас тәртіптері, міндетті жоралғылары бар. Олардың бәрі орындалуға тиіс.

Қыздың ауылына құдаласа баруға жігіттің ең сыйлы, қадірлі ағайындары іріктеледі, құдалар тобында жігіттің әкесі болуы шарт. Құдалардың саны құдаласушылардың әл-ауқатына байланысты, бай адамдар құдалыққа топтанып, сән-салтанатпен он бес-жиырма адам болып барады.

Құдалар ешуақытта қалыңдықтың ауылына тура барып түспейді, әуелі көрші ауылға тоқтап, сол жерден қыз ауылына хабаршы жібереді. Қыз әкесі дереу туған-туыс, жекжаттарын жинап, бірнеше жерден үй тігіп құда күтіп алуға әзірлене бастайды, хабаршыдан құдалардың қай күні келіп түскені жөн екенін айтады. Уағдалы күні құдалар қыз әкесіне келіп, ағайын-туғанының төрт кезі түтел отырғанында бұйым-тайларын айтады. Қыз әкесі келіссе, қой сойылып, бата оқылады. Содан кейін құда түсер тойы басталады. Тойдың ауқымы қыз жағының әл-ауқатына байланысты, ол бір күнде бітуі не бірнеше күнге созылуы мүмкін.

Тойдың дәмі — кой, жылқы еті, қазы-қарта, қымыз, шай болса, тойдың сәні — бәйге, күрес, ән-күй, домбыра, қобыз, сыбызғы-сырнай болады.

Құда түсер тойында күйеу жігіт жағы небір сынды басынан кешіреді. Ел жақсысы болған соң құдалыққа жіберілген ақсақалдар қалыңдық ауылының жас келіншектері мен бойжеткендерінің керілуіне түседі. Оларды суга да салады, арбаға жегіп, ат қылып та мінеді, тұра алмайтындай етіп киімдерінен киізге тігіп тастайды, әйтеуір не керек, әбден әурелеп бағады. Жігіт жағы соңғы құда күту дастарқанының үстінде есесін қайырып алуға тырысады. Әу бастағы бата оқырда сойылған ақ қойдың күйрық-бауыры құдалардың алдына тартылып, екі жақ бір-біріне күйрық-бауыр жегізетін тұста күйеудің туыстары құдаларының бетіне май, сорпа жағып біраз әурелейді. Құдалардың әзіл-қалжыңы аяқталған соң, құда күтудің ең жауапты сәті туады. Яки, құдаларға киіт тарату басталады. Киіт кигізу қазақ үшін құдалықтың ең басты, бұлжымайтын рәсімі. Киіт таратудың өз жолы бар. Ең бағалы, қымбат киіт қыз әкесіне беріледі. Одан әрі киіт құдалардың жасына, беделіне қарай таратылады.

Құдаларын аттандырып салған соң қыз әкесі күйеу жігіттің ауылына қалың мал алуға барады, олардың келер күнін енді жігіт әкесі белгілейді. Межелі күні қалыңдықтың әкесі жігіттің ауылына адамдарын аттандырады иә оларды өзі бастап апарады. Бұл жерде де қыз ауылындағы рәсімдер айнымай қайталаанады. Құда күту тойының соңында қалың мал қыз әкесіне тамам жұрттың алдында түгенделіп беріледі, кейде жігіт әкесі қалың малды біртіндеп төлеуге мүрсат сұрайды. Қалың малдың ауыртпалығы тек жігіт әкесіне ғана емес, құдалыққа бірге барған ағайын-туыстарға да түседі. Ең бағалы киіт алған адам қалың малға да ең қомақты үлес қосуы керек.

Қалың мал түгел төленіп біткен соң күйеудің қыз ауылына келуіне жол ашылады. Әйткенмен алғашқы ұрын келудің жүгі ауыр, күйеу сайдың тасындай жігіттерден тандап нөкер сайлап, ауылдың бір сыйлы ақсақалын алдыға салып қалыңдығының ауылына аттанады. Қайын жұртына көрші отырған ауылға ат басын тіреп, қайын атасына хабаршы жібереді. Күйеуден хабар алған қыз ауылы дереу күйеуді күтіп алудың қамына кіріседі. Ең әуелі окшаулау жерге күйеуге арналып үй тігіледі. Сосын күйеуге хабаршылар жіберіледі. Күйеуге бірінші жеткен хабаршы “шауып келді” аталатын сүйінші сыйын алады. Содан кейін күйеуді қаумалаған күлді нөкер, хабаршылар жігітке тігілген оңаша үйге беттейді. Бұл кезде отаудың алдында сол киіз үйді тіккен, “шатыр байғазы” алудан дәмелі қыз-келіншектер қаздай тізіліп тұрады.

Өзіне арнайы тігілген үйдің байгазысын беріп, ішке кірген соң күйеу қалыңдығының әйел жынысты жақындарына (анасы, әжесі, әпке-сіңлісі) арнайы әкелген сыйлықтарын таратады. Ол сыйлық “ілу” деп аталады. “Ілудің” құрамы әрқалай болады, оған түйеден бастап, кілем, шапан, кездемеге дейін кіреді. Ең бағалы сыйлық қыз анасына тартылады. “Ілуден” кейін “күйеу кәде”, “үйге кірер”, “жыртыс” аталатын сыйлықтар таратылады. “Күйеу кәде”— қыздың жеңгелеріне, “үйге кірер”— қыздың өзіне, “жыртыс”— көпшілікке беріледі. Бұл кәделердің мәні зор. Қазақта “Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды” деген мақал бар. Аталмыш кәделерден басқа күйеудің шығындары өте көп. Тегінде күллі кәде, ырымдардың ретімен орындалуы күйеудің қосшысы — “күйеу жігіттің” міндетінде. Жыртыстан басқасын таратушы сол, ал күйеу берген жыртысты қыздың шешесі абысын-ажындарына өзі таратады.

Қыз жеңгелері күйеу әкелген кәделерді азсынса иә жаратпаса, қалыңдығын көрсетпей әуреге салады. Ондайда күйеу нөкерлерін қайта ауылына шаптыруға мәжбүр болады. Бірақ бұндай жағдай ілуде бір болуы мүмкін, өйткені алғаш ұрын келген күйеу тарту-таралғыдан аянбай, бар тәуірін, бағалысын тартады.

Алғашқы күйеу кәделері жасалып, тарту-таралғы таратылып біткен соң, той басталады. Қонақтарға бірнеше мал сойылып, табақ-табақ ас тартылады. Ән, күй, думанның сыртында бөйге, күрес өткізіледі. Сол күні қалыңдық күйеуге көріпбей ағайын-туғандары тұратын жақын ауылға қашып кетуі тиіс. Күндізгі қызық сәл саябырлаған кезде, қалыңдық жасырынған ауылда екінші той басталады. Бұл тойға күйеуден басқа жастардың бәрі қатысады. Қыздың анасы той жасаушы ауылдың бәйбішесіне арнап “қыз қашар” деген сый-сәлемдеме жібереді. Бұл сәлемдемені де күйеу әзірлеуге тиіс. Сый-сәлемдеме той иесі бәйбіше қалыңдықты тезірек қайтарсын деген емеурінмен жасалады. Той түнімен жалғасып, таңсәриде аяқталады. Той тарқар мезетте қалыңдықтың құрбылары мен күйеудің нөкерлері арасында “қыз тартыс” басталады. Ақыры күйеудің нөкерлерінен “алым” алып көңілі тынған қалыңдықтың құрбылары қызды құда жігіттерге табыс етеді. Қалыңдық өз ауылына қайтып, жастарға арналған отауға енеді. Қыз жеңгелерінің бірі күйеуді отау үйдің жанына ертіп әкеліп, керегеден қыздың қолын ұстатып, ырымын алады. Бұл ырым “қол ұстатар” деп аталады. “Қол ұстатарды” берген соң да күйеу отау үйге кіре алмайды, ол өзіне арнап тігілген үйде күні бойы отырады. Кешкісін қалыңдық отырған отау үйде қайта әбігер басталады. Қыз жеңгелері бипаздап төсек салады. Төсек салынып біткен соң отау үйде тек қыз анасы, төсек салған

жеңгелері қалады. Төсек салған жеңгелердің біреуі барып күйеуді ертіп әкеледі. Күйеу отау үйге кірмес бұрын жеңгелерге “төсек салар” ырымын береді. Күйеу табалдырықтан аттаған кезде қыз анасы алдынан шығып шашу шашады. Шашудан кейін жеңгелері қызды қолтықтап отауға енгізеді. Қалыңдық отауға кірген кезде қыз анасы отқа май құйып, “от ана, май ана, жарылқа” деп бетін сипап бата қылады да, жеңгелерді ертіп далаға шығады. Жастар оңаша қалады. Ертеңінде күйеу жеңгелерге “қыз құшақтатар” ырымын береді. Содан күйеу аттанып кеткенше ауылда той-думан тарқамайды. Күйеуді шығарып саларда қыз әкесі оның нөкерлеріне киіг кигізеді де, өзіне “қапқа салар” деп аталатын тарту тартады. “Қапқа салар” әртүрлі болады, оны заттай не малдай беру қыз әкесінің ырқында. Егер ол қалың малын толық алып үлгермесе, қалың малдың көлемін кемітуі мүмкін.

Қыз ұзату тойына дейін күйеу қалыңдығының ауылына бірнеше рет ұрын келуге ерікті. Және әр жолы нөкерлерін ертіп, тарту-таралғысымен сайланып келуі керек.

Той күнін, яки қыз ұзату тойының мерзімін қалыңдықтың әкесі белгілейді. Тойға күйеу өз ауылының ақсақалын, нөкер жігіттерін ертіп келеді. Бұл жолғы тарту-таралғының да салмағы оңай емес, әдеттегі жыртыс пен ұсақ-түйек кәделердің сыртында күйеу қыз анасына атап “сүт ақы” әкелуі керек. Сондай-ақ отау үйдің киізі мен той малы да күйеудің мойнында. Ал отау үйдің қаңқасын, ішкі жабдығын қыздың әкесі береді.

Отау дайын болғанша күйеу өзіне арнайы тігілген оңаша үйде күтіп жатады, кейде отау үйдің тігілуін апталап күтуге тура келеді. Ақыры күйеудің төзімін тауысқан отау үй әзір болып, үйді тіккен әйел күйеуден “отау жабар” ақысын алады да, қалыңдықтың сыйлас, сырлас жеңгелері қаумалаған күйеу отау үйге келіп кіреді. Күйеуді отау үйге жайластырған жеңгелер қалыңдықты әкелуге жөнеледі. Қайынсіңлісі мен күйеудің қолын ұстастырып, жеңгетайлық ырымдарын алған жеңгелер күйеу “қыз көтерер” ырымын жасағанша кетпей тұрып алады. Күйеу жеңгелерінің көзінше қызды көтеріп төсекке жатқызады да, бас-басына бір көйлектік кездемеден ұстатып, әйелдерді отау үйден шығарып салады. Жастардың отау үйде өткізген бірінші түні “отауға салар” деп аталады.

Жастардың оңаша өткізген түнінің ертеңінде күйеуге еріп келген нөкерлердің ең жасы үлкені қалыңдықтың әкесіне жолығып, қыз ұзатар тойын қашан жасайтынын анықтайды. Ұзату тойының той малы күйеудің мойнында. Ал бәйге, жарыстардың жүлдесін қалыңдықтың әкесі таратуға тиіс.

Бәйге, күрес бітіп, той қызығы тарқауға айналғанда қыздың жеңгелері күйеуді отау үйден шығарып жібереді де, сойыл, айбалта, таяқпен сайланып, бәйгеден қайтқан жігіттердің келуін күтіп отырады. Аламан ат жарыстан кейін өздерінің де, аттарының да қызуы басылмаған жас жігіттер топтаса шауып келіп, отау үйді қоршауға алады. Содан кейін ат үстіндегі жігіттер мен сойыл ұстаған әйелдердің арасында отау үйге талас басталады. Жігіттер қайткенде де отау үйдің түндігін сыпырып алуға тиіс. Өйтпейінше қалыңдықты отау үйден шығармайды. Ақыр соңында атқа мінген сойдауыттай жігіттерге әлі келмесіне көзі жеткен әйелдер жігіттерге бет орамал, тақия, белбеу сияқты көр-жер сыйлықтар ұсынып, аттан түсулерін өгінеді. Жігіттер мен әйелдер отау үйге енеді де, әйелдер қалыңдықты қоршап алып “жар-жар” айтады. “Жар-жар” кейде тым ұзаққа созылады. Қалыңдық жеңгелерінің “жар-жарынан” жалыққан кезде жігіттер бас-басына сыйлық беріп тоқтатады.

Кешкісін отау үйге күйеу шақырылады. Ол отауға өзінің әнші-жыршыларын ерте келеді. Енді екі жақтың әнші-жыршылары айтысқа түседі. Әуелі бір-бірін мадақтап, қолпаштаудан басталған айтыс соңы даттауға ұласады. Даттаудан басым түскен жақ жеңілген жақтың көңілін аулап, “кінә менде” айыбын төлейді. Бұл түн осылай айтыс, ән-жырмен өтеді. Қайта-қайта табақ тартылып, қымыз судай сапырылады. Табақ тартылған сайын күйеудің алдына екі-үштен қойдың қабырғасын қояды. Күйеу қабырғаларды мүжіп болған соң әрқайсысына бір көйлектік кездеме иә жаулық байлап, ашық түндікке қарай лақтырады. Егер қабырғалар ашық түндіктен асып сыртқа түспей ішке құласа, онда үйде отырған әйелдер кездеме, жаулықты үлесіп алады. Таң қылаң бере той тарқайды.

Танертеңгісін қыз жеңгелері қайтадан отауға жиналып, қалыңдықты киіндіруге кіріседі. Сосын бар жақсысын үстіне іліп жасанған қалыңдықты атқа мінгізіп, әке-шешесімен қоштасуға алып барады. Қалыңдық әке-шешесі отырған үйге кіріп, сыңсу айтып жылап қоштаса бастайды. Сыңсу үстінде қыздың жеңгелері күйеудің нөкерлеріне қалыңдықтың бар жасауын жайып салып көрсетеді. Күйеудің нөкерлері жасауды көріп, көрімдігін берген соң жүк буылып-түйіліп түйелерге артылады.

Әке-шешесі, ағайын-туғанымен жеке-жеке атап қоштасып болған қалыңдық үйден шығар тұста әкесі оған “соңғы бұйымтайыңды айт, кимас затыңды ата” дейді. Қыздың бұйымтайы ауыр, жеңіліне қарамай табанда орындалады.

Содан кейін екі жастың некесі қиылады. Неке қиярдан кейін қыз отау үйге кіріп, қыз киімін шешіп, келіншектің киімін киеді. Басына жаулық салып, шекесіне екшін байлай-

ды, сәукеле киіп, желек жамылады. Содан кейін жас келіншек анасын ертіп күйеуінің ауылына аттанады. Келіншегі мен енесінің көші ауылдан ұзаған соң күйеу қайын атасымен арнайы барып қоштасып, көш соңынан жөнеледі.

Келіннің көші жігіт ауылының шетіне жеткенде, күйеудің жеңге, қарымдастары көш алдынан жүгіріп шығып, келіннің жасауы теңделген түйелердің бұйдасынан ұстап, “түйе мұрындық” сұрайды. Әдетте “түйе мұрындық” өтеуі — бешпент, камзол болады. Ырымын алып көңілі көншіген қыз-келіншектер жас келінді жан-жағынан қаумалап, “жар-жар” айтып, қайын ата, қайын ене, қайнагалары отырған үйге әкеледі. Үйдің табалдырығын оң аяғымен аттап кірген жас келін іште отырғандарға иіліп сәлем береді. Күйеудің нөкерлерінің ішінен біреуі шығып беташар айтып, келіннің бетін ашады. Күйеудің әкесі, қайнагалары беташар айтушыға, келіннің өзіне, оны қолтықтаған қыз-келіншектерге жеке-жеке көрімдік береді. Бұл көрімдік “келін көрімдік” деп аталады. Беташар жасалып біткен соң келін түсіру тойы басталады. Ол той ертеңінде құда күту тойына ұласып, келіннің анасы мен туысқандарына сый-сияпат көрсетіліп, киіт кигізіледі. Той тарқағаннан кейін қыздың анасы мен туыстарын бүкіл ауыл жиылып, қошаметтеп шығарып салады.

## АЖЫРАСУ ТӘРТІПТЕРІ

Қазақтардың тұрмысында ажырасу өте сирек болатын жәйт. Тегінде қазақтар от басының бүтіндігін бәрінен жоғары қояды. Әсіресе әйелдерге талап күшті. Әйелдердің ажырасу жөнінде ниет білдіруге құқы жоқ. Ол тек еркектердің еркіндегі іс. Әйткенмен еркектер де жөн-жосықсыз әйелін тастамайды. Көбіне-көп әйелінің мінезі шайпау, жеңілтек, өзі салдыр-салақ болғандықтан ажырасады. Еркек әйелімен ажырасуы үшін ешкімнің алдына барып жүгінбейді, тек бір күннің ішінде әйеліне үш мәрте “сен талақ” деп айтса болғаны. Егер күйеуі әйелін талақ тастамай, екі жақ өзара келісімге келіп ажырасса, 3 ай, 10 күн өткеннен кейін қайта жарасуларына болады. Тек некелерін қайта қидыруға тиіс.

Сондай-ақ, еркек әйеліне бір немесе екі рет қана “талақ” айтса, онда қайта қосылуларына болады. Ол үшін талақ болған әйел сырт көз үшін басқа біреумен некелесіп, үш күн бірге тұруы керек, бірақ онымен ерлі-зайыптылық қатынас жасамайды. Үш күн өткеннен кейін әйел жалған күйеуінен “талақхат” алып ажырасады да, бұрынғы күйеуімен қайта некелеседі. Ал егер еркек әйеліне үш мәрте талақ айтса, онда екеуінің қайта қосылуга еш еркі жоқ.

Ендігі сөз ерлі-зайыптылардың бірі өліп, яки еркек тұл, әйел жесір қалғандағы жағдай жөнінде болмақ.

Егер әйелі өліп, еркек тұл қалса, қайын жұртына әйелінің сәукелесі мен кейбір бағалы заттарын қайтарумен оның марқұм зайыбының алдындағы бар борышы бітеді. Ол жесір әйел құсап аза тұтуға, өлген әйелінің соңын күтуге міндетті емес. Екінші рет қашан үйленем, кімге үйленем десе де ерікті.

Ал жесір әйелдің жөні басқа. Күйеуі өлгеннен кейін жесір әйел қара жамылып, оның орнын бір жыл күтеді. Бірақ құран бойынша жесір әйел күйеуін жүз күн азаласа борышын ақтағаны деп саналады.

Азалау мерзімі бітіп, әйел маңдайына байлаған қара екшінді шешкеннен кейін әменгерлік әнгімесі қозғалады. Егер өлген күйеудің туған ағасы, бауыры бар болса, жесір әйел сөзсіз соның біреуіне тиюге тиіс. Алда-жалда жесір әйел көнбесе, күштеп көндіруге тырысады, немесе жесірге өлген күйеуінің ең жақын туыстарының ішінен күйеу таңдауға ерік береді. Өлген күйеуінің туыстарынан басқаға көзі түскен әйел бұзылған әйел саналады. Егер ол әменгерлікке көнбей, бөтен біреумен қашып кетсе, онда әйелді әкетуші өлген күйеудің туыстарына 5 түйеден кем түспейтін айып төлеуі керек.

Жесір әйел етегінен тартқан баласы болмаса және өлген күйеуінің әменгерлік ететін туысы болмаса ғана төркініне кете алады. Қайын жұртының рұқсатымен төркініне қайтқан әйел марқұм күйеуінің мал-мүлкінің 1/6 бөлігін әкетуге ерікті. Кейде балалы әйелді де төркініне қайтарып жатады, ондайда әйелге күйеуінің дүниесінің 1/3 бөлігі беріледі. Бірақ қазақтар баланың сыртқа кетпеуіне, әкесінің елінде қалуына аса мән беретіндіктен мұндай жағдай кемде-кем кездеседі. Тіпті кеткен баланың өзі түптің-түбінде әкесінің жұртын іздеп табады.

# ЛЕВ БАЛЛЮЗЕК

(1822—1899-ж.ж.)

## ҚАЗАҚ НЕКЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Қазақтардың некесі жайында сөз қылғанда, ең әуелі қыз-жігіттің өз бетімен жар таңдауға еркі жоғын айтқан жөн, бұл жағдайда бүкіл билік ата-ананың қолында. Қазақтар әдетте ер балаға қалыңдықты жөрегіңде жатқанда айттырып қояды. Тіпті кейбір досжар адамдар шын достықтың белгісі деп әлі тумаған балаларын атастырады. Және бірінде үл, екіншісінде қыз туса келісімдерін сөзсіз орындайды.

Мұндай жағдайда жүрек қалауымен, сүйіспеншілікпен қосылу кемде-кем болатыны өз-өзінен түсінікті. Ғасырлар бойы қалыптасқан бұл дәстүрдің халық санасына әбден сіңісті болғаны сонша, жігіт те, қыз да әке-шешенің қалауына ешуақытта қарсы тұрмайды, сондай-ақ өзінің ішкі есебін ойлаған ата-ана балаларының көңіл-күйі, ішкі сезімімен санаса бермейді.

Енді қазақтардың некелесу тәртібін рет-ретімен айталық.

## I. ҚҰДАЛАСУ

Жігіттің әке-шешесі, жақын-жекжаттары сырттай қалыңдық таңдап алған соң, қыздың үйіне құдаласуға кісі жібереді. Қызына құда түсіп келгендердің тілегін құп көрсе, қыз әкесі қалың мал жайын сөз қылады. Қалыңмалдың жартысы құдаласа салысымен төленуі керек. Қалғанын кесікті мерзімге дейін, бірте-бірте өтеуге болады. Қыз жағы да құр қарап қалмай, құда түсіп келушілерге сый-сияпат көрсетіп, өз шамасына қарай сыйлық тартады.

## II. ҚАЛЫҢ МАЛ

Қалың мал жайында таратып айтсақ, ол мынадай бөліктерден тұрады:

1. Бас жақсы — ең құнды, ең жақсы деген сөз. Бұған күнделікті тұрмысқа аса қажетті төрт зат кіреді.

а) мерген мылтық; ә) барымта кезінде жаныңды сақтайтын сауыт; б) талай бәйгеде жүлде алған, қашсаң жауыңа жеткізбейтін, қусаң алысқа жібермейтін жүйрік ат; в) сыртқы тұрқы келіскен, күші де мол түйе. Түрлі кезбелер мен барымташыларға кезігіп қалмас үшін жиі-жиі қоныс өзгертуге тура келеді, ал көші-қонға түйеден артық мал жоқ.

Бұл 4 заттың әрқайсысының құны — 5 ірі қараға парапар, яки аталмыш құнды заттары жоқ адам жиырма бас ірі қара төлеген, кейіннен осы жиырма ірі қара қалың малдың өлшеміне айналған. Бірақ бертін келе бас жақсының мәні

өзгеріп, алгі төрт заттың орнына тұрмысқа керекті өзге дүниелер берілетін болған. Мәселен, Торғай уезінде бас жақсыға 3—12-дейін жылқы, немесе 100—300-дейін, тіпті 600—1000-дейін күміс ақша береді.

2. Қара мал — қалың малдың негізгі бөлігі, оны қалыңдықтың құны десе де артық емес. Қара малды әркім шама-шарқына қарай төлейді. Бір жиырмадан бастап, бес жиырмаға дейін беруге болады. Тіпті алты, жеті жиырмадан беретіндер бар, бірақ бұндайлар өте сирек кездеседі. Торғай облысының шығыс жағында бай адамдар қара малға бір қырық жетіден (47), орта ауқатты адамдар бір отыз жетіден (37) береді. Қырық жетінің құрамында жанама жақсысы, жеке ту биесі, төс аты, бір жастағы құлыны бар, барлығы әр жастағы 33 бас мал болуға тиіс. Отыз жетіде осы құрамдас 26 бас болады.

3. Ілу — күйеу жігіт қалыңдығына алғаш ұрын барғанда төленетін төлем, 30—80 жылқыға дейін барады, қара малды көп төлейтін Орал облысы мен Торғай облысының кейбір жерлерінде ілу 10 түйеден аспайды.

4. Той мал — қыздың ұзатылу тойына әкелінетін мал. Той малдың қарасы қалыңдықтың жасауы мен еншісінің көлеміне байланысты. Қалыңдықтың әкесі қызына қандай енші беретінін күйеу жігітке алдын ала айтып қояды. Той мал әдетте 20—70 жылқының аралығында болады. Бұнымен қоса күйеу жігіт киіз үйдің шаңырағына, түндігіне жетерлік киіз әкелуі керек, іргесін қалыңдық жағы жабдықтайды.

5. Сүт ақы — қалыңдықтың анасының сүт ақысы. Ол шамамен 1—7 түйенің аралығында болады.


6. Жігіт түйе — жігіттің өз тарапынан берілетін төлем, ол 2 түйеден аспайды. Ең соңында қыз жағы күйеу жігіттің ең қымбат шапаны мен ер-тұрманын қалап алады.

Бұдан тыс толып жатқан ұсақ-түйек кәделер бар. “Қалыңсыз қыз болса да кәдесіз күйеу болмас” деген мақалдан-ақ барлық кәдені орындау күйеу жігітке әрі сын, әрі парыз екені көрініп тұр.

Мұндай бас-аяғы бүтін, толымды қалың мал тек байлар мен орташа ауқатты қазақтардың арасында жүретіні түсінікті, ал жарлы қазақтар үшін баламалы қалың мал деген бар, яки бір бас 5, 10, 15 малдың есебіне жүреді.

Сондай-ақ дөңгелек қалың мал деген бар, бұл ең кедей адамдардың арасындағы алыс-беріс, бар-жоғы 10 бастан аспайды.

Жоғарыда айтқандарды екшеп келгенде, қалың малдың жалпы көлемі мынандай болып шығады: ең ауқатты шонжарлар үшін —100—150 бас ірі қара; орташа ауқаттылар үшін —75—100 бас; жарлылар үшін 20—40 бас; тақыр кедейлер үшін 10 бас.



Күйеу жігіт қалың малын тұтас төлеп болған соң қалыңдық жағы көп ұзатпай төсек-орнын, отау үйін (бір киіз үй), еншісін (мал) беріп, яки бар жасауын жасап, қызын ұзатуға тиіс.

### III. ҚАЛЫҢ МАЛ БЕРУ МЕН КҮЙЕУ КӘДЕСІН ЖАСАУДЫҢ ШАРТТАРЫ

1. Қалың малын толық төлеп, күйеу кәдесін жасамай, ешкім қалыңдығымен некелесе алмайды.

2. Егер кімде-кім қалың малын түгел төлеп бітпей тұрып, ата-анасының келісімінсіз қалыңдығын алып қашып кетсе, қызды төркініне қайтарып қана қоймай, бір тоғыз ат-тон айыбын төлейді. Сонан кейін қалың малының қалғанын түгендеп беріп, қалыңдығын әкетуге рұқсат алады.

3. Егер күйеу жігіт қалың малын түгел төлеп, қыздың әке-шешесінің сөзбұйдаға салғанына шыдамай, қалыңдығын алып қашып кеткен жағдайда дау екі түрлі жолмен шешіледі.

а) күйеу жігіт қалың малын төлеп бітіп, қыздың әке-шешесі тойды кейінге қалдыра берсе, жігіт қайын атасының сыйлы, беделді ағайындарына сөз салып, алдынан өтуге тиіс. Егер ол осы шартты орындамай қызды алып қашса, бір ат-тон айыбын төлеп, қалыңдығын ата-анасына қайтаруға тиіс, бұдан кейін қалыңдық жағы да тездетіп жасауын жасап, қызын ұзатуға міндеттеледі.

б) егер күйеу жігіт пен оның ата-анасы қалыңдықтың туған-туыстарынан бірнеше мәрте қызды сұрап келіп, олар құлақ аспаған болса, онда күйеу жігіт ешқандай айып төлемейді, қалыңдығын да қайтармайды және оған тиесілі жасауды да алады.

4. Егер қалың малды толық алған қалыңдықтың әкесі күйеу жігіттің қайта-қайта қолқа салғанын елемей, қызын ұзатуды еш себепсіз кейінге ысыра берсе, күйеу жігіт қызды алып қашып кетпей, барлық рәсімін, кәдесін жасап, ата-анасының қолынан алғысы келсе, биге барып арыздануға құқылы. Мұндай жағдайда қыздың ата-анасы күйеу жігіттің талабын орындауға міндеттеледі.

5. Егер қалыңдықтың ата-анасы әлдебір дәйекті себептермен қызының жасауын әзірлеп үлгірмесе, оларға мүрсат беріледі. Ал егер күйеу жігіт жасаудың әзірленіп бітуін күтпей үйленгісі келсе, қыздың ата-анасы берген дүниелерді місе тұтып, қалыңдығын әкетуге ерікті.

6. Егер күйеу жігіт уағдалы мерзімге дейін күтіп, қалыңдықтың ата-анасы мүмкіншілігі бола тұрып, жасауын

әзірлеп бітпесе, оларды тездетіп қызын ұзатуға, әрі еншісін де толық беруге мәжбүр етеді.

7. Сондай-ақ, қалың малын түгел алып, жағдайы келіп тұрса да қызының еншісін бермей отырған ата-ананың да тартар айыбы осы (яки еншісін түгелдеп, жасауын жасап, қызын ұзатуға мәжбүр болмақ), ал егер тұрмыс жағдайына байланысты жасау бере алмай отырса, онда айыпқа бұйырылмайды.

Күйеу жігіттің және бір міндеті — қалың малын төлеп, түрлі кәделерін түгел жасап болғанша қалыңдығының ата-анасының көзіне түспеуі керек, олар да осы тәртіпті ұстануға тиіс. Күйеу жігіт алғаш ұрын келуге рұқсат алғанша қалыңдығын көруге еркі жоқ, ұрын келудің де өзі тым еркін, ашық болмауға тиіс. Ал қалыңдық пен күйеу жігіт жұртының тойға дейін жүзде-суі тіпті өрескел іс саналады.

8. Осындай дәстүрлі әдетті бұзып, мерзімінен бұрын қалыңдығымен жүздескен жігіт қайын жұртының көзіне түсіп қалса, қашып иә жасырынып үлгеруі керек, әйтпесе әдепсіздігі үшін ат-тон айыбын төлеуге тиіс.

Тегінде қалыңдығына ұрын келіп жүргенде де күйеу қайын жұртының алдында әдеп сақтап, жібектей есіліп тұруы керек. Күйеу жігіт қыздың әке-шешесіне әлдебір қылығымен жақпай қалса, ат-тон айыбын төлемей құтыл-майды.

9. Сондай-ақ қыз әкесі мен шешесі күйеу балаларын алғаш көргеннен кейін оған шапан жауып, ілтипат білдіруі керек. Олай болмаған жағдайда қайын жұртым мені елеп-ескермеді деп күйеу жігіт өкпелеуге қақылы.

Ал қыз күйеуінің еліне келін болып түскенше жігіттің ата-анасымен жүздеспеуге тиіс. Мерзімінен бұрын ата-енесімен жүз көрісіп қойған қыз әдепсіз, тәрбиесіз саналады. Бұған қыздан бұрын оны дұрыс тәрбиелемеген ата-анасы жауапкер болады.

#### **IV. ҚАЛЫҢДЫҚТЫ КҮЙЕУ ЖІГІТТЕН БАСҚА БӨТЕН БІРЕУЛЕР АЛЫП ҚАШЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ ҰСТАНАТЫН ТӘРТІПТЕР**

10. Егер әлдебіреу ешкімге айттырылмаған басы бос қызды алып қашып кетсе, кесікті қалың малдың үстіне түйе бастатқан тоғыз бас айып төлеп, үйленуге тиіс; ал алда-жалда оған күйеуге шығуға қыз келіспесе, онда толық қалың малын төлеп, қызды әке-шешесіне қайтаруы керек, бұнда қалың малдың толық төленуі басты шарт, өйткені бір рет

ұрланып аты шыққан қызға енді қайтып ешкім толық қалың мал төлемейді.

11. Егер ұрланған қыз біреудің атастырылған қалыңдығы болса, онда айыпкер күйеу жігіттің қалауынша ат-шапан айып төлеуге тиіс. Ол күйеу жігітке қыз орнына қыз қайтарады немесе оның қалың малын толығымен төлейді, егер қыздың ұрлануына қыз жағының еш қатысы жоғы анықталып, қыздың әке-шешесі екі адамды айғаққа тартып, ант-су ішсе, онда айыпкер екі қалың мал есебінде айып төлеп, қызды өз үйінде қалдыруға құқылы.

12. Егер қыздың әке-шешесі қызының ұрлануына еш қатысы жоғын екі адамды айғаққа тартып дәлелдей алмаса, онда күйеу жігітке қыз әкесі де, қыз ұрлаушы айыпкер де бір-бір қалың мал мөлшерінде айып төлейді.

13. Егер қыз ұрлаушы айыпкер қолға түспей қашып кетсе, онда күйеу жігіт қыздың әке-шешесінен айып талап етуге құқылы, егер олар өз руының екі адамды айғаққа тартып, қызының қашып кетуіне қатысы жоғын дәлелдей алмаса, онда өз қызын қашырған айыпкер ретінде алған қалың малын екі есе етіп қайырады немесе қыз орнына екі қыз тауып береді, оған жағдайы келмесе бір қалың мал мөлшерінде айып төлейді не қыз орнына қыз береді.

14. Егер әлдебіреу күйеуі бар әйелді алып қашып кетсе, онда айыпкер түйе бастатқан, ат бастатқан және өгіз бастатқан үш тоғыз айыбын қосып, әйелді күйеуіне қайтарып береді; ал егер әйелді күйеуіне қайыргысы келмесе, онда жоғарыдағы үш тоғыздан тыс, әйелдің қалың малын толық төлеуге тиісті.

## VI. ҚУДАЛЫҚ БУЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘРТІПТЕР

15. Егер біреу ұлына қыз айттырып, үкі тағып қойғаннан кейін әлдебір себептермен қызды алудан бас тартса, онда қыздың әке-шешесінің үкіні қайтармауға, оған қоса ат-тон айып талап етуге құқы бар; ал егер құдалық жай сөз жүзінде болып, жігіт әлі үкісін бермесе, онда ол ат-тон айып төлемейді.

16. Егер уағданы бұзу қыз жағынан болса, онда қыздың әке-шешесі алған үкіні қайтарып қана қоймай, ат-тон айып төлеуге міндеттеледі, егер қыз жағы үкісін алып үлгермесе, өздерінің жігітке ешқандай уәде бермегенін айғақпен дәлелдеп, ант-су ішуі керек.

17. Егер қызға айғақтап құда түсіп, күйрек-бауыр жесіп, киіт киіскеннен кейін жігіт уағдасынан тайып, үйленуден бас

тартса, онда айыпкер ат-тон айыбының үстіне алған киігін, үкісін қайтарады, оған қоса қыз жағының құда күткендегі шығарған шығынын өтейді.

18. Егер екі жақтың біреуі құдаласқанын да, уағдаласқанын да мойындамай, бәрінен бас тартқандай жағдай болса, онда құдалыққа барғандардың ең беделдісі, қадірмендісі құран ұстап, куәгер ретінде істің ақ-қарасын ажыратып беруге міндеттеледі.

19. Егер уағда бұзу қыздың әке-шешесі жағынан, қалың мал алғанға дейін болса, онда олар құдаларына кигізген киітінен айырылады және құда күтуге шыққан шығынын қайтарып ала алмайды.

20. Егер айттырылған қыздың әке-шешесі қалың мал алуға барып отырып, әлдебір себеппен қалың малдан бас тартса, күйеу жігітке ат-шапан айып төлеуге тиіс.

21. Құдаласу, құдалық казак үшін өте қастерлі ұғым, ардың ісі. Күйеу жігіт пен қалыңдықтың біреуі ауыр науқас, кемтар, немесе кембағал болған жағдайда ғана (онда да құдаласушылар ол жайында құдаласқанға дейін білмесе) құдалықтың бұзылуы айыпталмайды, ешкім де жазаға тартылмайды.

22. Бір қызға құда түсіп, қалыңдығын үйге кіргізбей тұрып, басқа қызға құда түсуге нә үйленуге қатаң тиым салынады. Бұл тәртіпті бұзған адам түйе бастатқан бір тоғыз айыбын төлейді және кейін түскеніне қарамастан бірінші қалыңдығын бәйбіше деп жариялауға міндеттенеді.

23. Сондай-ақ күйеу жігіт қалың мал төленген қалыңдығынан бас тарта алмайды, ал егер ұрын келіп қойған болса, қайтсе де үйленуге міндетті. Бірақ сирек те болса бұндай бастартушылық кездесіп қалады. Ондай жағдайда күйеу жігіттің жазасы төмендегідей болмақ: ұрын келмей тұрып бас тартса, берген қалың малынан айырылады; ұрын келген соң бас тартса, берген қалың малының үстіне 3 тоғыз айыпқа шығынданады.

24. Егер айттырулы қызын басқа біреуге ұзатса, қыз әкесі алған қалың малын қайтарғанның үстіне күйеу жігітке бір қалың мал көлемінде айып төлейді немесе басқа қызын береді.

25. Егер күйеу жігіт алғаш ұрын келгенде қалыңдығының қыз екендігіне күмән келтірсе, қыздың әке-шешесі қыздарының ақ екенін қайтсе де дәлелдеуге тиіс. Ол үшін күйеу жігіттің қалауымен қыз жағынан екі куәгер белгіленеді, екі куәгер құран ұстап, қыздың ақтығын айғақтауы керек. Егер күйеу жігіттің күдігі расқа шықса, ол берген қалыңын қайтып алуға немесе басқа қыз беруді талап етуге құқылы, әгерки, көңілі қаласа, қарабет болған қалыңдығын тегін әкете алады.

Егер қыздың ақтығы айғақталса, онда күйеу жігіт бұрынғы төлеген қалыңның үстіне және сондай бір толық қалың мал беріп, өз айыбын жуады.

26. Егер жігіт екінші мәрте ұрын келгеннен кейін ғана қалыңдығын абиырсыз деп айыптаса, онда оның байбаламына ешкім құлақ аспайды.

## VII. ҚАЛЫҢДЫҚ ИӘ КҮЙЕУ ЖІГІТ ӨЛГЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ ТӘРТІПТЕР

Қалыңдық иә күйеу жігіттің біреуі өлген жағдайда мәселе төмендегідей шешіледі:

27. Егер атастырылып, қалың малы алынған қалыңдық өлген болса, онда қыз әкесі күйеу баласына ешкім айттырмаған басқа қызын беруі тиіс, ал берер қызы болмаса, алған қалың малын толық қайтаруға міндетті. Егер күйеу жігіт өлген қалыңдығына ұрын келіп қойған болса, екінші қалыңдық үшін “балдыз қалың” аталатын бір түйе бастатқан тоғыз төлейді, ал ұрын келмеген болса, ештеңе төлемейді.

28. Егер күйеу балдызына үйленуден бас тартса, онда марқұм қалыңдығы үшін төлеген қалың малынан айырылады.

29. Егер өлген қалыңдықтың әке-шешесі күйеуге кіші қызын бергісі келмесе, онда алған қалың малын толық қайтарумен қоса бір тоғыз айып төлейді.

30. Егер өлген қалыңдықтың орнына берер қызы болмаса, онда қыздың әке-шешесі қалың малды мынандай тәртіппен қайтарады: егер күйеу өлген қалыңдығына ұрын келмеген болса, онда қалың малын толық қайтарып алады, ал ұрын келген болса, онда бір түйе бастатқан тоғызды қалдырады.

31. Егер қалыңдық қалың малға қоса ұзату тойына сойылар той малы алынғаннан кейін өлсе, онда күйеуге қалың малы қыздың жасауы есебінде қайтарылуы керек, яғни отау, сәукеле, төсек-орын, енші мал түгенделіп беріледі. Өлген қалыңдығының орнына қыз сұрауға немесе қалың малын толық қайтаруды талап етуге күйеудің құқығы жоқ, өйткені той малы төленгеннен кейін құдаласудың барлық рәсімі аяқталып, қалыңдық күйеудің әйелі болып есептеледі, яки өз ажалымен өлген әйелі үшін ол біреуден құн талап ете алмайды.

32. Күйеу өлген жағдайда әменгерлік тәртіп жүреді, яғни қалыңдықты өлген жігіттің інісі иә ағасына қосады. Егер әменгер жігіт бойдақ болса, бұрынғы төленген қалыңның үстіне бір жылқы қосады, ал егер әменгер үйлі-баранды болса, бұрынғы қалыңға түйе бастатқан тоғыз қосады. Алайда

әйелі бар адамға қызын беру-бермеу ата-ананың еркінде. Кейде қыздың ата-анасы әйелі бар әмеңгерден екі иә үш тоғыз алу үшін әдейі бұлданады.

33. Егер марқұм күйеудің артына ерген інісі иә алдында агасы болмаса, қалыңдықтың әке-шешесі алған қалың малын толық қайтаруға тиіс, тек күйеу қалыңдықтың көзі тірісінде ұрын келген болса ғана қалың малдың жартысын иә бір түйе бастатқан тоғызды алып қалады.

34. Егер қалыңдықтың әке-шешесі бұрынғы қалың малға қосып беретін бір тоғызына иә бір жылқысына қарамастан әмеңгерлерге қызын беруден бас тартса, алған қалың малын шып-шырғасын шығармай қайтаруға тиісті, бұндайда марқұм күйеудің қызға ұрын келген-келмегені есепке алынбайды. Оған қоса қалыңдықтың әкесі уағдасын бұзғаны үшін әмеңгер бойдақ болса, бір тоғыз, үйленген болса, бір жылқы айып төлеуі керек.

35. Егер күйеу қалың малын түгел төлеп, той малына дейін апарып, нақ қыз ұзату тойының қарсаңында өлген болса, онда қалыңдық оның жесірі ретінде күллі жасау-жабдық, еншісімен марқұмның әке-шешесінің үйіне түседі де, әмеңгерлердің біреуіне қосылады.

## VIII. АЖЫРАСУ ТӘРТІПТЕРІ

36. Егер ері әйелін ойнас үстінде, яки қазақтарша айтқанда “қылыш қыңынан суырылмаған” күйінде ұстап алса, бір сөзге келмей төркініне қуып жібереді. Жазықты әйел ба- ладан да, бар жасау-жабдығынан да айырылады.

37. Егер күйеуі әйелінің адалдығына күмән келтіріп, ажы- расуға ниет білдірсе, әйелдің екі немесе үш адамды куәге тартып ақталуға еркі бар, ондай жағдайда куәлар да, әйелдің өзі де құдай алдында ант-су ішулері керек.

38. Егер ері әйелінің мінез-кұлқын жаратпаса, онда оның мінезі шайпау екенін, өзін сыйламайтынын куәлар арқылы дәлелдеуі керек. Және әйелін төркініне күр қол қайтармауға тиіс, кем дегенде ат мінгізіп, төсек-орнын, киім-кешегін қоса береді.

39. Егер күйеуі әйелімен еш себепсіз ажырасқысы келсе, онда әйелін бауырындағы баласымен, күллі жасау-жабдығымен төркініне апарып тастауға тиіс.

40. Егер әйелі күйеуінің адалдығына күмән келтіріп, оның өзімен ерлі-зайыптық қатынаста болмайтынын айтып айыпта- са және еркектің үйіне қонбайтыны шынымен анықталса, он- да еркектің әйел, бала-шағасынан, әйелінің жасау-жабдығы, еншісінен айрылып қалуы мүмкін. Бірақ көбіне ел ағалары

еркекке үш мәрте ескерту жасаумен тынады. Әйелдің талабымен ажырасу деген кемде-кем болатын жағдай.

41. Егер еркектің белі кетіп, әйелі онымен бірге тұрғысы келмесе, жасауын алып, төркініне кетуге ерікті.

42. Жоғарыдағы себеппен ажырасқан ерлі-зайыптылардың балалары болса, онда күйеуі еркектік күшінен жуырда айырылған немесе әйелі балаларды жолдан тапқан болып есептеледі. Күйеуі балаларды әйеліне бермей алып қалғысы келсе, екі адамды куәға тартып, балалардың әкесі өзі екенін дәлелдеуі керек. Өйтіп дәлелдей алмаса балалар шешесіне еріп кетеді.

43. Егер белінен айырылған еркек әйелімен ажырасуға келіспей емделуге мүрсат сұраса, оған бір жыл мүрсат беріледі, егер осы уақыт ішінде оған ем қонбаса, әйелімен ажырасуға міндетті болады.

44. Егер әйел күйеуінен немесе оның басқа әйелінен көрген қысымына шыдамай қашып кетсе, онда еркекке қатаң ескерту жасалады, егер бұндай жағдай үш мәрте қайталанса, онда еркек әйелінен де, оның жасауынан да айырылады.

45. Ал егер күйеуінің қырын қарауына әйелдің өзі жазықты болса, онда әйелге күйеуіне мырзам деп бағынып, барлық бабын жасауы керектігі жөнінде айтылып, қатаң ескерту жасалады.

46. Күйеуі қанша кәрі, репетсіз болса да әйелдің одан жерінуге, кетуге еркі жоқ, ол тек жоғарыда келтірілген себептермен ғана күйеуімен ажыраса алады.

47. Егер күйеуі бар әйел ойнас үстінде үсталса, онда күйеуі оны баладан, жасаудан айырып, қарақан басын төркініне қайтарып, ал оның көңілдесінен ат-тон айыбын талап етуге құқылы. Алайда көбінесе көңілдестерге басқа жаза қолданылады. Екеуін де жартылай жалаңаштап, беттеріне күйе жағып, мойындарына күйген құрым киіз байлап, ел аралатады, бұл жаза —“бетіне күйе жағып, мойнына құрым іліп, ауыл айналдыру” деп аталады.

48. Қызбен көңіл қосқан еркек ұрлық үстінде үсталса, ат-тон айып төлеп, қызға қайтып жоламасқа ант-су ішіп құтылады. Ертеректе бұндай айыбы үшін еркек ат күйрығына байланатын, алайда бергін келе заман ағымына қарай жаза жеңілденді. Көбіне қыздың әке-шешесі қызымыздың жаман аты шығып кетпесін деп, мәселені жабулы қазан күйімен қоя салады. “Қымызды кім ішпейді, қызға кім бармайды” деген мақал да жігітшіліктің жазғырылмайтынын көрсетсе керек.

# НЕКЕ ҚИЯР, ҚЫЗ ҰЗАТАР

(ТУЫНДЫГЕРЛЕР ТОБЫНЫҢ  
ҚЫСҚАША ЖАЗБАЛАРЫ)



# А. И. ЛЕВШИН

(1798—1879)

## 12-т а р а у

### Дәстүрлер

#### ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ

Құранда жазылғандай, қазақтар көп әйел алуға ерікті. Алайда еркектердің көңіл қалауы мен тұрмыс жағдайы сәйкес келе бермейді, өйткені әйел саны өскен сайын, қалыңның көлемі де ұлғая бермек, яки екінші әйел біріншіден, үшінші екіншіден қымбатырақ. Олай болса, көп әйел алу тек байдың қолынан келмек, ал кедей бір әйелге жеткеніне шүкіршілік қылмақ. Қалыңның көлемі де әркімнің қал-қуатына байланысты. Кедей 5—6 қой тапқанына қуанса, байлар 200 жылқы, 500—1000 қойға дейін қалың береді.

Кіші жүздің ханы Нұралының 16-17 әйелі, оның сыртында 15 кәнізағы болған. Некелі, некесіз әйелдері оған 32 ұл, 33 әлде 34 қыз туып берген.

Жас жігіттер бірінші әйелді тек ата-анасының қалауымен алады, ал қыздардың күйеу таңдауға еркі жоғы екі бастан белгілі жағдай. Құдаласуда әркім өз теңін іздейді. Байбағыландар балаларын бесікте жатқанда өзара атастырып қояды.

Құдалықтың алғашқы шарты — қалың малдың көлемі мен төленер күнін белгілеу. Қалың малдың барлық жайы келісілігі, құдалар қол алысып, төс соғыстырғаннан кейін молла куәлардың көзінше құдалардан: балаларыңды қосуға ризасыңдар ма деп сұрап, құдалықты құранмен бекітеді. Құдаласудың соңы құда күту тойына ұласады.

Осыдан кейін күйеу біртіндеп қалың малын төлеуге кіріседі, ал қалыңдықтың әкесі қызының жасауын жабдықтауға бұйрық береді.

Қалың толық төленіп біткенше, той болмайды, өйткенмен күйеу қалыңдығымен оңаша отауда жүздесе алады, тек тән жақындығына бармауы керек.

Кей руларда күйеуді қалыңдығына салтанатпен, той қылып аттаңдырады. Молланы шақырып бата оқытқызып, тең құрбыларын жинап ән-жыр айтқызып, зерлі шапан кигізіп, ер-тұрманы келіскен жақсы ат мінгізіп, күйеуді қошаметтеп ауылдан ұзатып салады.

Болашақ жарының ауылына жеткен күйеу қыздың әкесіне кісі салып, ауыл шетіне отауын тігуге рұқсат сұрайды. Содан кейін ол қалыңдықтың жеңгелерін жағалап, тарту-таралғымен олардың көңілің аулауға тырысады. Ақыры сыйлық алып жұмсарған жеңгетайлар арқылы қалыңдығымен жүздеседі. Жеңгетайлар қалыңдықты күйеудің оңаша отауына ертіп әкеледі.

Алғашқы жүздесуден кейін болашақ жұбайлардың бір-бірін жаратпай қалуы да мүмкін, алайда қалың төленіп, кәдесі жасалған қыздың күйеуден бас тартуға еркі жоқ, ал еркек екінші әйелді қалауыммен алармын деп көңіл жұбатады.

Егер тойға дейін атастырушылардың біреуі өлгендей жағдай болса, онда ең әуелі күйеудің қалыңдығына ұрын барған-бармағаны анықталады. Егер күйеу ұрын барса, оған қалың малының 1/2 бөлігі қайтарылады, ал ұрын бармаса, қалың малының 4/5 бөлігін қайтып алады.

Егер күйеу ұрын барғанда қалыңдығымен жақындасып, қыз жүкті болып қалса, онда қалыңның төленіп біткен-бітпегеніне қарамастан тездетіп ұзату тойы өткізіліп, қалыңдық жігіт ауылына жөнелтіледі.

Бұндай ауытқулар өте сирек кездеседі, көбіне құдаласу тәртіптері ретімен, дұрыс аяқталады. Қалың мал толық төленіп біткен соң күйеу болашақ қайың атасының ауылына кісі салып, ұзату тойының күнін белгілеуді сұрайды. Той күні күйеу жоддас-жора, ағайын-туғандарын ертіп қалыңдығының ауылына келіп түседі. Барлық күйеу кәделері жасалған соң, күйеу мен қалыңдықты оңаша отауға енгізіп, некесін қияды. Молла екі жасты қатар отырғызып, алдарына неке суы құйылған, беті сүлгімен жабылған ыдысты қойып бата оқиды. Бата оқылып біткен соң молла әуелі күйеуден, сосын қалыңдықтан некелесуге разымысың деп сұрап, разылығын алған соң екеуіне үш ұрттамнан неке суын ішкізеді. Неке суының қалғанын отау үйде отырғандарға жағалай ішкізеді.

Некесі қиылғаннан кейін қалыңдықтың басынан бөркі шешіліп, сәукеле кигізіледі.

Кіші жүз бен Орта жүздің кейбір жерлерінде қалыңдықты кілемге отырғызып, ауылды аралатып, ел-жұртымен қоштастырады, ал Ұлы жүзде қыз ауылды өзі аралайды.

Ұзатылу тойы болардан бір күн бұрын некесі қиылған қалыңдық пен күйеуді оңаша отауда түнетеді. Үй алдына әсем ер-тұрманды ат байлап, ат арқасына шапан жауып қояды.

Қалыңдығы қыз шығып, көңілі жай тапса, күйеу аттың арқасындағы шапанды киіп, атқа мініп, қайын атасы мен қонақтар отырған үйге келеді. Егер қалыңдығы қатын шығып, оның күнәсіне өзінің еш қатысы болмаса, күйеу үйден шыға атты жарып, шапанды жыртып, отау үйдің киізін турап тастауға ерікті. Қызы қарабет болған ата-ана сөзге келмей күйеуге қалың малын қайтаруға немесе қыз орнына қыз беруге тиісті.

Бұрын бұлжымас заң болған бұл қатаң талаптардың қазір көп сақтала бермейтінін айтқан жөн, қариялар да солай деседі.

Аяғы жақсы болып біткен некелі түннің соңы ұлан-асыр ұзату тойына ұласады, түрлі ойындар ойналып, ат жарыс өтеді.

Жас жұбайларды шығарып салуға күллі ауыл жиналады. Қыздың әкесі тамам жұрттың көзінше түйеге теңделген, атқа артылған қыз жасауын күйеуге табыс етеді. Содан кейін қызына соңғы ақыл-кеңесін айтып, атқа отырғызып, ат жүгенін күйеуіне ұстатады. Әйелдер сыңсып жылап қызбен қоштасады.

Күйеу келіншегін ауылға әкеліп түсіріп, екі жастың оңаша отауы тігілген соң, ағайын-туған келіннің жасауын көруге жиналады. Кейбір көрсеқызар, ашкөз туыстар келіннің жасауынан бір нәрсе алып қалуға тырысады. Күйеуінің әкесі той үстінде үйленген ұлының еншісін келіннің жасауына қосады.

Жас келін үлкенге ізет, кішіге құрмет белгісі ретінде алғашқы апта бойы елден бұрын тұрып, қайната, қайнаға, қайныларының үйлерінің түндігін ашуы керек.

Қазақ қанша қатын алса да, әрқайсының өз отауы болады, өйткені қыз жасауының бір жабдығы қашан да киіз үй болған.

Үлкен немесе бірінші әйел бәйбіше деп аталады, үйдің нағыз бибісі сол. Күйеуі онымен қайтсе де санасады, тіпті жақсы көрмеген жағдайда да сыйлауға және өзге әйелдеріне де сыйлатуға міндетті. Өзге әйелдер өзара тең болғанмен, бәйбішеден именіп тұруға тиісті. Әйелдер ешуақытта жасау араластырмайды, әркім өз дүниесін бөлек ұстайды. Кейбір саякеректер әйелдерінің малдарын да бөлек бақтырады. Бұл тәртіп негізсіз емес, әр әйелдің дүниесі өз баласына бұйырсын деген ниеттен туған.

## Д. АНДРЕ

(1846-жылы жазылған)

### КАЗАКТАРДЫҢ ОРДАСЫНДА ЗАҢ ЕСЕБІНДЕ ЖҮРЕТІН ДӘСТҮРЛЕР

#### 43

#### НЕКЕ

а) Мұхамет дінін ұстанатын басқа да мұсылмандар сияқты ордалықтар көп әйел алады. Құран 4 әйел алуға рұқсат береді.

Ескертпе: Егер еркектің бір әйелі өлсе, немесе ол біреуімен ажырасса, бесінші не алтыншы рет некелесуі мүмкін. Күң немесе кәнизак ұстауға тиым салынған.

ә) Бала жастан атастырылып қойса да, ордалық еркек пен әйел бәлиғатқа толмай некелесе алмайды.

в) Ордалық еркек апалы-сіңлілі қыздарға үйлене алмайды. Ордалық әйел бөлесіне тұрмысқа шыға алады, тек сәби кезінде екеуі бір емшек ембесе болғаны.

г) Руының, тегінің әртүрлі болуы еркек пен әйелдің үйленуіне кедергі бола алмайды.

Қалың мал жайында:

Қалың малдың көлемі, төлену мерзімі жөнінде қыздың әкесі мен жігіттің туыстары куәлардың көзінше келіседі.

Ескертпе: Қалың мал бөлек-бөлек немесе тұтастай төленуі мүмкін. Ол күйеудің әл-ауқатына байланысты.

д) Қалың мал төленіп бітпейінше, неке туралы сөз қозғалмауға тиіс.

Ескертпе: Алайда кейде күйеудің тұрмыс жағдайына байланысты қалың малдың жартысы үйлену тойынан кейін төленуі мүмкін.

ж) Қалың мал — қалыңдықтың жасауына кеткен шығынның орнын жабатын төлем.

з) Қыз әкесі ешуақытта қалың мал алуға өзі бармайды, аға-інілерін немесе жақын туысқанын жібереді.

и) Қалың мал үш түрлі көлемде болады. Бай қалың мал — 120 қой, 32 жылқы, бес жасар 4 түйеден тұрады.

Орташа қалың мал — 60 қой, 16 жылқы, бес жасар 2 түйе.

Ең төменгі қалың мал —16 жылқы, 2 түйеден тұрады (түйенің жасы есепке алынбайды), алайда жылқылардың ішінде міндетті түрде құлынды биелер болуы керек, яки құлындардың есебінен жылқы басы 20-жегуі шарт.

Ескертпе: Бай қалынды төлейтін күйеу мал басын асыра қосса да артық саналмайды, оның сыртында құндыз ішік, зерлі шапан сияқты бағалы киімдер бірге жүрсе, күйеуге мәртебе болмақ. Керісінше, кедей күйеу қалынның жартысын төлеп, қалғанын көр-жер дүниелермен толтырып жатса, ол да сәкет емес. Ал қалындықтың әкесі қызына отау үйін, бір немесе бірнеше түйесің беруге міндетті.

к) Ордалық екінші, үшінші немесе төртінші рет үйленгенде де толық қалың мал төлеуге тиіс.

л) Ордалық әйел күйеуге тиген соң, күйеуінің мал-жанының бір егесі болып саналады. Еркек екінші әйел алғанда оған да мал-мүлкінің бір бөлігін еншілеп қояды, үшінші, төртінші әйелге де шама-шарқына қарай үлес белгілейді, ол қалған мал-мүлік отағасы мен бәйбішенің меншігі болып саналады.

Ескертпе: Ордалық екінші иә үшінші әйел алған соң, оларға үлес бөліп үлгермей өліп кетсе, үлес бөлісті ауыл ақсақалы немесе би жасайды.

м) Неке қиярда қалындық пен күйеудің жақын туыстарынан тыс екі бөтен адам куәлік етуі шарт. Онсыз неке қиылмайды.

н) Молла неке қиғанының ақысына 2 қой, 1 козы алады.

## 44

### АЖЫРАСУ ТӘРТІБІ, ТАЛАҚ

а) Ордалық қалаған кезінде әйелімен ажырасуға ерікті.

ә) Ордалық әйел ешуақытта күйеуімен ажырасуға талап қоя алмайды.

в) Ордалық әйел күйеуінен қысым көрсе, биге барып шағымдануға ерікті. Бидің ескертуінен кейін де еркегі түзелмей, өзін жәбірлей берсе, әйел екінші, үшінші мәрте биге шағымданады да, би әйелді қазыға иә моллага жібереді. Құран қош көрсе, қазы әйел мен күйеуін ажырастырады.

г) Ерлі-зайыптылар ажырасқанда балалар әкесімен қалады.

д) Күйеуінен ажырасқан әйелді төркіні өз қанатының астына алуға тиіс.

е) Ордалық әйел күйеуімен ажырасқан соң қайыра күйеуге тие алады, алайда екінші күйеуінің келісімінсіз бұрынғы күйеуіне қайтып бара алмайды.

э) Күйеуімен екі рет ажырасқан әйел онымен қайта қосылатын болса, үшінші рет некесі қиылады.

ж) Еркек үш айдың ішінде үш рет “талақ” деп айтқан жағдайда ғана ерлі-зайыптылар ажырасқан болып саналады. Бұл сөз тек отбасында айтылуға тиіс, бөтен адамдардың естігені ерсі болып саналады.

и) Үшінші рет талақ болған әйел киім-кешегін ғана алып, сол күні күйеуінің ауылынан кетуі керек. Алайда әйел жүкті, иә сырқат болса, талақ мерзімі оның аяғы жеңілдегенше иә сырқатынан айыққанша созылады.

к) Егер ордалық еркек өліп, әйелі жесір қалса, онда ол марқұм күйеуінің аға-інілерінің біріне тиюге тиіс, күйеуінің көзі тірісіндегі бар жасауы, малы және отауы өзінде қалады.

л) Өлген күйеуінің аға-інісі, жақын-жуығы болмаса, жесір әйел сырт адамға күйеуге шығуға ерікті, бұл жағдайда да оның жасауы мен енші малы өзінде қалады.

Егер өлген еркектің соңында ұлдары қалып, жесірі екінші рет күйеуге шығатын болса, онда әке-шешесінің бар мал-мүлкі ұлдың үлкеніне бұйырады, ол інілері ержеткенше бар мал-мүлікке, үйге қожалық етеді. Ал жесір екінші күйеуіне киім-кешегін ғана алып кетеді.

м) Егер күйеуге тиетін жесірдің қызы болса, әкесінен қалған мал-мүлік, үй қыздың жасауы болып саналады, ал жесір өзінің төркінінен келген жасауымен, малымен кетеді.

## И. А. КОЗЛОВ

(1882-жылы жазылган мақаласынан)

### ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІК ЗАҢДАРЫ

#### 4. ОТБАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

##### а) НЕКЕ ЖАЙЫНДА

27. Қазақтар 15 жастан бастап некелесуге ерікті. Бірақ балаларды сәби кезінен, тіпті тумай жатып атастыру салты бар. Кейде дос адамдар болашақта құла боламыз деп анттасып қояды да, балалары туған соң құдаласып, алыс-беріс жасасады.

28. Үйленгісі келген жігіт ниетін әке-шешесіне білдіреді де, олар болашақ келінін таңдайды.

29. Қалаулы қыздың басы бос болса, оған құда жіберіледі.

Ескертпе: Құдалар жігіттің жақын-жуығынан сайланады. Құдалар саны 3—10-аралығында болуы мүмкін. Құдалықтың бекігенінің белгісі — күйрық-бауыр жесу. Алда-жалда екі жақтың бірі кейін құдалықтан бас тартар болса, билер сотында құдалардың күйрық-бауыр жеген-жемегені анықталады, күйрық-бауыр желінсе, құдалық бұлжымас, заңды болып есептеледі.

30. Күйеудің ата-анасы қалыңдық үшін қалың мал төлейді. Қалың мал көлемі күйеудің әл-ауқатына қарай 9, 17, 27, 37 немесе 47 бас ірілі-ұсақты мал болады.

Ескертпе: Қалың малдың құрамы былай болып келеді: бас жақсы — қалыңның ең бағалы бөлігі, қара мал — қалыңның негізгі бөлігі, ілу — күйеудің қалыңдығын алғаш көргендегі берер ақысы (Орынбор жақтың қазақтары ілуді қалыңдық ойнау немесе ұрын келу ақысы деп атайды), той мал — ұзату, неке қияр тойларына жұмсалатын мал, той малының көлемі қалыңдықтың жасауының құнына тең болуы керек. Өйткені той малы төленгеннен кейін қалыңдық күйеудің әйелі болып саналады, алда-жалда осыдан кейін күйеу өліп қалса, қыз оның жесірі ретінде қайын жұртына жөнелтіледі.

Той малдан кейін күйеудің кәделері жүреді. Кәденің ең бастысы — қыз анасына төленер сүт ақы.

Қазақтарда қарсы құдалық деген бар, онда екі жақ бір-бірінің баласына қыз беріседі, яки қыз алмасады. Бұндай құдалықта қалың мал төленбейді, тек кәделер жасалады.

31. Қалың малы толық төленіп біткен соң қыздың әкесі ұзату тойын жасап, қызын бар жасау-жабдығымен күйеуінің еліне аттандырады. Қыз жасауы мынандай: отау, енші мал (түйе, жылқы, ірі қара, ұсақ мал), сәукеле (кедейлер сәукеле орнына жаулық береді); төсек орын (көрпе-жастық, жайма, төсеніш, сүлгі); жасау сандық (киім-кешек, кілем-сырмақ, түскиіз, ыдыс-аяқ).

32. Егер қалыңы төленген қалыңдық өлсе немесе күйеуге шығудан үзілді-кесілді бас тартса, онда оның орнына сіндісі ұзатылуы керек, ал егер ұзатылар сіндісі болмаса, күйеуге қалың мал түгел қайтарылады, оған қоса 1 немесе 2 ат-шалан айып төленеді.

**Ескертпе:** Қалыңдық еш себепсіз күйеуден бас тарта алмайды, тек күйеуі дімкәс нә мінезі содыр болса ғана қыз талабы орындалады. Кейде қалыңдық күйеудің кедейлігін желеу етеді. Күйеуге шығудан бас тартқан қалыңдықтың орнына қыз берерде күйеудің бұрынғы қалыңдығына ұрын келген-келмегені ескеріледі. Егер күйеу ұрын келген болса, онда бұрынғы қалың малға қосымша қалың төлейді, ал егер ұрын келмесе, қыз әкесі қалың малдан бір тоғыз алып қалып, қалғанын күйеуге қайтарады.

33. Егер күйеу өлсе немесе қалыңдықтан бас тартса, онда оның әке-шешесі қалыңдықты басқа ұлына әперуге тиіс. Екінші жағдайда (қалыңдықтан бас тартқанда) жігіт әкесі ат-шалан айып төлейді. Егер өлген күйеудің аға-інісі болмаса, қалыңдықтың әке-шешесі алған қалың малын қайтарады, егер күйеу қызға ұрын барған болса, қалың малдың бір бөлігі қыз әкесінде қалады.

#### б) ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ АРА-ҚАТЫНАСЫ ХАҚЫНДА

34. Қазақ төрт әйелге дейін алуға құқылы. Әр әйелдің өз отауы, малы болуға тиісті.

35. Әйелдер күйеуінен жәбір көрсе, биге барып жүгінуге құқылы, егер би олардың шағымын жөн деп тапса, еркекке ескерту жасайды, кейде дүрелетеді.

## ә) НЕКЕНІҢ БҰЗЫЛУЫ

36. Ерлі-зайыптылар ажырасқанда немесе екеудің біреуі өлгенде неке бұзылады.

37. Ажырасу көбіне екі жақты келісіммен болады.

а) Күйеуі әйелінің басқа адамға күйеуге шығуына рұқсат еткен жағдайда екінші күйеуден қалың мал талап етуге құқылы.

Ескертпе: Бұндай жағдайда: яки әйел бір еркектен екінші еркекке кеткенде, бірінші күйеуі талақхат немесе талаққағаз беруі керек. Егер әйел төркініне кетсе, онда әйелдің әкесі бұрынғы күйеу баласына қалың малдың 1/2 бөлігін қайтарады, ал қалған 1/2 бөлігін қызы екінші рет күйеуге шыққанда қайтаруға міндетті.

ә) Күйеуі әйеліне талақхатты ақысыз бермейді, кейде талақхаттың ақысына оның жасауын алып қалады.

б) Кейде әйелімен тұрғысы келмеген еркек оны басқа еркекке толық қалың малын алып береді.

в) Қалың малы төленбей күйеуге шыққан әйел қалаған уақытында күйеуін тастауға құқылы.

г) Өзін сыйламайтын, мінезі шайпау әйелімен ажырасқанда еркек оған жасауын толық қайтаруға міндетті емес. Жасаудың бір бөлігін, киім-кешегін және астына ат берсе болғаны.

д) Әйелі күйеуінің көзіне шөп салған жағдайда оның бар жасауы күйеуінде қалады.

Ескертпе: Ажырасу әйелдің талабымен болған жағдайда, оған 10 күннен 30 күнге дейін мүрсат беріледі. Егер әйел осы уақыттың ішінде басқа еркекке тимесе, онда бұрынғы күйеуімен қалады.

38. Төмендегідей себептермен де ажырасуға рұқсат беріледі:

а) күйеуі тақыр кедей болып, әйелін асырап-сақтауға күйі келмесе;

ә) күйеуінің еркектік күші кетіп, әйелі онымен бірге тұрғысы келмесе. Кейде әйел қайнысына иә қайнағасына күйеуге шығады.

б) ерлі-зайыптылар бәлиғатқа толмаса;

в) күйеуі әйелін ұрып-соғып жәбірлесе.

Ескертпе: Аталмыш себептермен күйеуінен кеткен әйел екінші рет күйеуге шықса, онда екінші күйеуі оның бұрынғы күйеуіне қалың мал төлеуге тиіс. Жасауын әйел өзімен бірге әкетеді.

39. Ертеректе қазақтар әменгерлік салтын қатаң ұстаған. Қазір жесір қайын жұртында қалғанмен оны ешкім қайнағасына иә қайнысына қосуға қыстамайды. Егер жесір баласыз болса, күйеуге тимей жалғыз отыруды қаласа, оған марқұм күйеуінен қалған мал-мүліктің тең жартысы беріледі.

Егер жесірдің бауырында баласы болса, күйеуінің бар мал-мүлкіне иелік етеді.

40. Егер жесір марқұм күйеуінің руласына шыкса, онда ол әйелдің қайнағасына бір тоғыз көлемінде ат-шапан айып төлейді. Ал егер жесір басқа рудың адамына тисе, бар жасауы, мал-мүлкі өлген күйеуінің туыстарына қалады, егер ержеткен баласы болса, мал-мүліктің, жасаудың иесі сол. Ал балалары кіші болса, кейін бәлигатқа толғанда малға иелік етеді.

# ТОЙ ҚЫЗЫҒЫ — КӘДЕЛІ ЖЫР

---

## АУЖАР

Аужар басы, ендеше, аужар басы,  
Аужарменен құрылды қыздың жасы.  
Он бес жаста біреуге малға беріп,  
Етегімді толтырды көздің жасы.

А-ей қайран аулым, ой-ой!

Ақ шәйнекке су құйсам жылымайды,  
Өгей емес өз анам жыламайды.  
Жыламаған анамды жылатайын,  
Неден көңілі қалды екен сұратайын.

А-ей, қайран аулым, ой-ой!

Не тәтті, дүниеде тарлау тәтті,  
Тарлау деген жылқының еті тәтті.  
Әке менен шешенің діні қатты,  
Өз баласын жылатып малға сатты,

А-ей, қайран аулым-ай!

Ақ отауым тіккен жер майдан болсын,  
Ақ жүзімді көруге айнама болсын.  
Ол жақта да қайын енем бар деп жүр ғой,  
Аялаған анамдай қайдан болсын.

А-ей, қайран аулым-ай!

## СЫҢСУ

Ақ отауым тіккен жер майдан болсын,  
Ақ жүзімді көрерге айнам болсын.  
Кісі әкесі кісіге әке дейді,  
Айналайын әкемдей қайдан болсын?!

Ақ ат мініп боз атқа жеттім, әке,  
Көп көргенің мен болсам кеттім, әке.  
Тоғыз қабат торқадай үйімізден,  
Торғай басым сыймастан кеттім, әке.

Шымылдыңтың етегін серпісін шешем,  
Көздің жасын аямай төксін шешем.  
Көздің жасын аямай төге жүріп,  
Бір міндеттен құтылдық дерсің, шешем.

Серпе сал, шымылдыңын, көрсін әкем,  
Көл қылып, көздің жасын төксін әкем.  
“Жылайық өксіп-өксіп өп-өтірік,  
Құтылдым бір міндеттен” дерсің, әкем.

Қолымда сақинам бар бармақ-бармақ,  
Сәукеле басқа түссе ауыр салмақ.  
Басымды балапандай малға сатып,  
Бар ма екен өз әкеңдей жахил қалмақ.

Салмайды қоян жатақ күм болмаса,  
Жақтырмайды қызды әке үл болмаса.  
Кетеді бергеніне күл да болса,  
Айтсайшы “бермеймін” деп, тым болмаса.

• • •

Қара суды жағалай қаз барады,  
Анасынан айрылған қыз барады.  
Қара суға қан құйсаң — ағар, кетер,  
Жат кісіге қыз берсең — алар, кетер.  
Аққу көнбес ешкімнің байлауына,  
Қайтар ән сап қалықтап жайлауына.  
Қыздан сорлы бар ма екен, тәңірім-ай,  
Мал бергеннің кетеді айдауына.  
Уылжымай ақша бет қуарсайшы,  
Мөлдіреген екі көз суалсайшы.  
Бір жаманға қор болып кеткеніңше,  
Өліп қана қыз сорлы уансайшы!  
Неге өсті екен қыз сорлы сылауменен,  
Тал шыбықтай тал белін қынауменен!  
Анасынан онан да тумасайшы,  
Өксігенше өмірі жылауменен!

• • •

Алтын да менің босағам,  
Аттап бір шығар деп пе едім...  
Күміс те менің босағам  
Күңіреніп шығам деп пе едім?  
Қарағай ма екен, тал ма екен,  
Талдан да биік бар ма екен?  
Үйде бір жүріп, түзде өлген,  
Қыздан да мұңлық бар ма екен?  
Қалайы сандық кілтім-ау,  
Жылама дейсің жұртым-ау,  
Жыламай қайтіп шыдайын,  
Барасың қалып жұртым-ау!  
Тоғайға құрған тұзағым,  
Үйім ғой менің ұжмағым.  
Ұжмағым демей не дейің,  
Қайран қалды-ау оң жағым.

• • •

Қайран аулым қалады-ау,  
Қарасам көзім талады-ау!  
Әлпештеген ел-жұртым,  
Жылай да жылай барам-ау!  
Бұлғақтап жүрген заманым,  
Білмей де қалдым өтерін.  
Малға мені сатқандай,  
Мен жұртыма жау ма едім?  
Жат жұрттық болып кеткен соң,  
Кетер-ау бастан сәулетім.  
Дәуренім менің өткен соң,  
Естіле жүрер дейсің бе,  
Не болып жүрген хабарым.  
Заманым қиын болар-ау,  
Көкірекке қайғы толар-ау!  
Санамен жүзім солар-ау!..

## ҚОШТАСУ

---

### ШЕШЕСІНІҢ ҚЫЗЫМЕН ҚОШТАСУЫ

Қарағым-ай,  
Халқыңа қалаулы бол!  
Еліңе елеулі бол!  
Ертемен ерте тұрарсың,  
Түңлігіңді ашарсың,  
Сиырынды сауарсың,  
Малыңды өріске айдарсың,  
Самаурыңныңды қоярсың,  
Сүтімді сонда ақтарсың,  
Қарағым-ай, не айтайын,  
/ Енді жат жұрттық болғансын.

### ІНІСІНІҢ АПАСЫМЕН ҚОШТАСУЫ

Сылдыр-сылдыр қамысқа  
Сырғаң түсті, жар-жар-ау!  
Сырғаң түскен жерінен  
Тарғақ үшты, жар-жар-ау.  
Апам үшін қабырғам  
Қайысады, жар-жар-ау!  
Апам үшін қайыспай  
Қалай болар, жар-жар-ау!  
Қайыр кош боп тұрарсың,  
Жан бауырым, жар-жар-ау!

## ЖЕҢГЕСІНІҢ ҚОШТАСУЫ

Сылдыр-сылдыр қамысқа  
Сырган түсті, жар-жар-ау!  
Сырган түскен жерлерден  
Тарғақ үшты, жар-жар-ау!  
Сырласпаған жат елге  
Бикеш кетіп барады-ау!  
Қолымдағы бикешім —  
Қос жүзігім, жар-жар-ау!  
Қос жүзігім қолымда  
Майысады, жар-жар-ау!  
Сен кеткенге қабырғам  
Қайысады, жар-жар-ау!  
Қош-есен бол, бикешім!

## ЖАР-ЖАР

Торғай сүйер баласын тоңғағым деп, жар-жар,  
Тобылғының басына қонғаным деп, жар-жар.  
Қыз жылайды кетерде өксіп-өксіп, жар-жар,  
Күздігүні қурайдай солғаным деп, жар-жар.

Қарға сүйер баласын аппағым деп, жар-жар,  
Қарағайдың бұтағын қаққаным деп, жар-жар.  
Қыз жылайды кетерде өксіп-өксіп, жар-жар.  
Өз елімнен теңімді таппадым деп, жар-жар.

Қой сүйеді баласын қозым-ау деп, жар-жар,  
Ештегені сезбейтін бозым-ау деп, жар-жар,  
Қыз жылайды кетерде өксіп-өксіп, жар-жар,  
Енді кімге өтеді назым-ау деп, жар-жар.

## ЖАР-ЖАРДЫҢ АЙТЫС ТҮРІ

**Жігіт:**

Бір толарсақ, бір тобық санда бар, жар-жар,  
Сыбдыр-сыбдыр жапырақ талда бар, жар-жар.  
Әкем-ай деп жылама байгүс қыз, жар-жар,  
Әке орнына қайын атан онда бар, жар-жар.

**Қыз:**

Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,  
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.  
Қанша жақсы болса да қайын атам, жар-жар,  
Айналайын әкемдей болмақ қайда, жар-жар.

**Жігіт:**

Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,  
Сыбдыр-сыбдыр жапырақ талда болар, жар-жар.  
Шешем-ай деп жылама байгүс қыздар, жар-жар,  
Шеше орнына қайын енен онда болар, жар-жар.

**Қыз:**

Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,  
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.  
Қанша жақын болса да қайын енеміз, жар-жар,  
Айналайын шешемдей болмақ қайда, жар-жар,

**Жігіт:**

Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,  
Сыбдыр-сыбдыр жапырақ талда болар, жар-жар.  
Ағам-ай деп жылама, байгүс қыздар, жар-жар,  
Аға орнына қайын ағаң онда болар, жар-жар.

**Қыз:**

Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,  
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.  
Қанша жақсы болса да, қайын ағам, жар-жар,  
Айналайын ағамдай болмақ қайда, жар-жар.

**Жігіт:**

Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,  
Жарға соққан жаңғырық тауда болар, жар-жар:

Жеңгем-ай деп жылама, байгүс қыздар, жар-жар,  
Жеңге орнына абысын онда болар, жар-жар.

Қыз:

Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,  
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.  
Қанша жақсы болса да абысыным, жар-жар,  
Айналайын жеңгемдей болмақ қайда, жар-жар.

Жігіт:

Бір толарсак, бір тобық санда болар, жар-жар,  
Жарға соққан жаңғырық тауда болар, жар-жар.  
Інім-ай деп жылама, байгүс қыздар, жар-жар,  
Іні орнына қайын інің онда болар, жар-жар.

Қыз:

Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,  
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар.  
Қанша жақын болса да қайын ініміз, жар-жар,  
Айналайын інімдей болмақ қайда, жар-жар.

Жігіт:

Бір толарсак, бір тобық санда болар, жар-жар,  
Жарға соққан жағалтай тауда болар, жар-жар.  
Сіңлім-ай деп жылама, байгүс қыздар, жар-жар,  
Сіңлі орнына қайын сіңлің онда болар жар-жар.

Қыз:

Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,  
Құлын-тайдай тебіскен оң жақ қайда, жар-жар.  
Қанша жақсы болса да, қайын сіңлім, жар-жар,  
Айналайын сіңлімдей болмақ қайда, жар-жар.

• • •

**Жігіт:**

Ақ қоян қашар жоталап, жар-жар-ау,  
Ақтайлақ өсер боталап, жар-жар-ау!  
Мұнша неге жылайсың, жар-жар-ау!  
Артыңнан інің барар апалап, жар-жар-ау!

**Қыз:**

Текеметтің шет бауын  
Оя тұрсын, жар-жар-ау!  
Той басына ту бие  
Соя тұрсын, жар-жар-ау!  
Мен шешеме айтайын  
“Әкеме айт”,— деп жар-жар-ау,  
Мені десе, биылша  
Қоя тұрсын, жар-жар-ау!

**Жігіт:**

Қызыл қыршын, замандас,  
Қызыл қыршын, жар-жар-ау,  
Қызыл қыршын ішінен  
Қырғи үшсын, жар-жар-ау.  
“Әкем бар”— деп, арқаға  
Медеу қылма, жар-жар-ау,  
Алып кетер мал берген  
Сен бір құссын, жар-жар-ау!

**Қыз:**

Түндігімнің төрт бауы —  
Бас бауымда, жар-жар-ау,  
Алты жеңгем сұрайды  
Шашбауымды, жар-жар-ау.  
Алты жеңгем сұраса,  
Аласың да, жар-жар-ау!  
Айналайың, жан әкем,  
Қаласың да жар-жар-ау!

**Жігіт:**

Мінген атың кара-ды, жар-жар-ау,  
Жал-құйрығын тарады, жар-жар-ау.  
Мұнша өксіп жылама, жар-жар-ау,  
Шешен ертіп барады, жар-жар-ау!

**Қыз:**

Түндігімнің төрт бауы  
Мақта, шеше, жар-жар-ау,  
Қызың кетіп барады,  
Жатқа шеше, жар-жар-ау!  
Он екі айда айналып  
Бір келермін, жар-жар-ау,  
Сары інгенің ботасын  
Сақта, шеше, жар-жар-ау!  
Шалшық па екен, су ма екен,  
Сарқыраған, жар-жар-ау,  
Ақ сүт беріп шеше-екем  
Асыраған, жар-жар-ау.  
Ақ сүт берген шешеме  
Не көрсеттім, жар-жар-ау,  
Жат кісінің баласын  
Жолдас еттім жар-жар-ау!

**Жігіт:**

Есіктің алды қия еді, жар-жар-ау,  
Қияға біткен мия еді, жар-жар-ау.  
Әкең берген қамқа тон, жар-жар-ау,  
Етіне қайтып сияды, жар-жар-ау!

**Қыз:**

Тоқпақ жалды торы айғыр  
Етті ме, әке, жар-жар-ау.  
Төркіндегі үйімнен  
Кеттім, әке, жар-жар-ау.  
Қыз да болсам, сізге мен  
Перзент едім, жар-жар-ау,  
Жалғыз басым сыймастан,  
Кеттім, әке, жар-жар-ау!

## БЕТАШАР

Бетінді, келін, ашқаным,  
Жаңа жұртқа қосқаным.  
Жасы үлкенді сыйлап жүр,  
Құрмет қылып жасқанып.  
Балалық күнің өтті енді,  
Аналық күнің жетті енді.  
Жаңа дәурен есігі  
Алдыңнан енді ашылды.  
Бәйбішелер келтіріп,  
Шараларын толтырып,  
Шашулары сатырлап,  
Есіктен төрге шашылды.  
Айт, келін-ау, айт, келін!  
Атыңның басын тарт, келін!  
Қыз көңілден қайт, келін!  
Сауысқаннан сақ келін!  
Жұмыртқадан ақ келін!  
Күйеуіне шақ келін!  
Ел-жұртыңа жақ, келін!  
Өзің бір ақыл тап, келін!  
Ата-ененді бақ, келін!  
Кісі келсе үйіңе,  
Киізінді қақ, келін!  
Атаңды бұрын жатқызып,  
Түндігінді жап, келін!  
Шәугіміңе су құйып,  
Сонан кейін жат, келін!  
Сүйгеніңнен сүйсініп,  
Адалдан бала тап, келін!  
Қалдырмай ақыл айтайың,  
Құлақты, келін, саласың.  
Қатесі болса, сөзімнің,  
Осы отырған әлеумет  
Сыңға салып қарасың.  
Құлағың салып тыңдап тұр,  
Келінжан, менің тілімді!  
Әдеп жолын үйренбек,  
Жас кісіге білімді.

Ақылсызға айтқан сөз,—  
Далаға кеткен шығын-ды.  
Жырга қосып айтамын  
Бар өсиет сырымды.  
Бұрынғы күнің — балалық,  
Ер жеткен күнің бүтін-ді.  
Өзім айтқан сөз емес,  
Осылай деген бұрынғы.  
Келін боп келмек оң жаққа,  
Ата-ананың мұрасы.  
Бұрынғы үйің бекер-ді,  
Мекенің осы тұрасы.  
Өз үйінде тұрмақ жок,  
Үл боп тумай әуелде.  
Қыз болған соң ырысы,  
Келін боп келген қиын іс,  
Жаңа өспірім балаға.  
Қызмет қыл иіліп,  
Ата менен анаға.  
Өзіңнен үлкен адамның  
Бетіне тіке карама.  
Үлкен кісі келгенде,  
Қатарласып отырмай,  
Кейін отыр панада.  
Лажы болса шығып тұр,  
Қайтқанынша далаға.  
Бар айтқаным бұл емес,  
Құлағың салып тыңдап тұр,  
Сөзі бар айтар және де,  
Тұратын болса, ата-анан  
Отырып қалма орнында,  
Тұрып барып есік аш,  
Еріп шықпа соңынан.  
Орамалын алып бер,  
Ұмытып кетпе оны да.  
Бұрынғыдай ойламай,  
Сабыр етіп, шыдам қыл,  
Ашың менен тоғына.  
Ынтаменен қызмет қыл,

Күдай қосқан еріне.  
Күле сөйлеп жауап бер,  
Оның айтқан сөзіне.  
Тең құрбыннан артық бол,  
Үлкен емес, кіші емес,  
Қосылыпсың теңіне.  
Еріңнен асыл адам жоқ,  
Қарасаң ата-тегіне.  
Күйеуің үйге келгенде,  
Қағып көрпе салып бер,  
Отыратын жеріне.  
Бір нәрсеге жұмсарда,  
Алыстан “ай” деп, айтқызба,  
Төсегін салып шешіндір,  
Ерте тұрса киіндір,  
Киімін тұрып алып бер,  
Белбеуін байла беліне.  
Менің айтқан бұл сөзім,  
Бәрі саған керек іс.  
Абайлап қара ұғынып,  
Сәлекет болып отырма,  
Еркектей болып жүгініп.  
Бір тізелеп жөн отыр,  
Төмен қарап бүгіліп.  
Қатты қылып сөйлеме,  
Ақырын сөйле, мүдіріп.  
Майдалығы сөзіңнің  
Кеткендей болсын үгіліп.  
Бір нәрсеге барғанда,  
Көп кешікпе, кідіріп.  
Үй арасы болса да,  
Қатты жүрме жүгіріп.  
Бозбалаға қарама  
Артық аса тігіліп.  
Сыпсың болып біреумен,  
Өсекке жүрме ілініп.  
Жасырынбақ жаман ат,  
Ақыр бір шығар білініп.  
Жаман атың бір шықса,

Кетеді елің түңіліп.  
Тәжім етіп, сәлем бер,  
Үлкен үйге кірерде.  
Сыртыңнан шықса иіліп,  
Есіктен шығып жүрерде.  
Бір қиын іс дүниеде,  
“Пәленше келін сондай”,— деп,  
Сыртыңнан әркім күлер ме!  
Ерте тұрып, түндік аш,  
Ерініп жатпай төсекте.  
Мезгілсіз келген ұйқыны,  
Өзіңе жақын дос етпе.  
Жаңа түскен жас келін  
Жақын болар өсекке.  
Қатынға кәрі айып жоқ,  
Мінсе де, теріс есекке.  
Сөйлеген кезде еркектей,  
Даусыңды қатты кенеме.  
Жұмыс қылсаң жылдам қыл,  
Шұбалаң келін атаңба.  
Тастама белбеу беліңнен,  
Жүріп жұмыс қылғанда,  
Бәрімен ұста қолыңның,  
Ұстама жалғыз жеңіңмен.  
Қасыңа бала келгенде,  
Қабағың түйіп тыржиып,  
Жылатпа түртіп қолыңмен.  
Орынсыз жаман іс қылып,  
Әркімнің тілін тигізбе.  
Ата-анаңа, теңіңмен  
Ұзын сөздің қысқасы,  
Жақсы болып, іс қылып,  
Жұртыңа жақ еліңмен.  
Бар айтқаным бұл емес,  
Құлағың салып тыңдап тұр,  
Айтылар кейін қалғаны.  
Жаулығыңды шұбалтпай,  
Дұрыстап сал басыңа.  
Астыңнан шығып жүрмесін,

Ие боп жүр шашыңа.  
Қолын ұстап, бетін сүй,  
Бала келсе қасыңа.  
Қайынды сыйлап қадірле,  
Қарама үлкен, жасына.  
Жақсы күрбы екен деп,  
Жаманға болма ашына.  
Ойынның жөні осы деп,  
Әркімге берме шашыла.  
Біреу жаман айтты деп,  
Болымсыз іске жасыма.  
“Пәленше бүй деп айтты”— деп,  
Жарыңа сөзді тасыма.  
Естісең де жаман сөз,  
Жүргенің жақсы жасыра,  
Көңіліңе келіп жүрмесін,  
Айтты деп сөздің қиынын.  
Бұл күнде жаман көргенмен,  
Көңіліңе теріс келгенмен,  
Бәрі де саған пайдалы  
Ағаңның айтқан жырының.  
Айт, келін, тағы, айт, келін!  
Атыңның басын тарт, келін!  
Сауысқандай сақ келін!  
Жұмыртқадан ақ келін.  
Келін, келін, келіншек!  
Алдыңғы түйе итіншек,  
Итіншек түйе екен деп,  
Басқа соқпа, келіншек!  
Артқы түйең тартыпшақ,  
Тартыпшақ түйе екен деп,  
Басқа соқпа, келіншек!  
Өзің жатып төсекте,  
Қасыңда жатқан байыңа:  
“Түр-түрлама”, келіншек!  
Қалтың аузы бос түр деп,  
Күрт ұрлама, келіншек!  
Жаман болса келіншек,  
Күлкісін тіпті тыймайды,

Кісі келсе даладан,  
Көсілген бұтын жыймайды.  
Көрінгенмен ұрсысып,  
Ауылдың бәрін былғайды.  
Қырыстанып үйінде,  
Беті-қолын жумайды.  
Ел қыдырып іңірден,  
Кісінің үйін тыңдайды,  
Шақырсаң үйде тұрмайды.  
“Көргені жаман екен”, — деп,  
Есіткен ауыл шулайды.  
Жақсы болар келіншек,  
Ондайларды қылмайды.  
Осынша айтқан ақылды  
Демегейсің, келіншек,  
Қайнаға — ақын, тақылдап  
Мұнша неге жырлайды...  
Ал, бітірдім жырымды,  
Айтып сәлдем сырымды!  
Төрте отырған бабалар,  
Қара сақал ағалар,  
Жапсардағы аналар, —  
Жамағатқа, бір сәлем!

Үлкен болған дәулетің,  
Әлемде асқан сәулетің,  
Ықпалың жүрген шағында,  
Таңдап қонған дәулетің,  
Бектік пенен ағарды  
Қара сақал қауметің!  
Төрте отырған ағакене бір сәлем!  
Өзі теңдес адамнан  
Мырзалығын асырған,  
Көрген жан қолын қусырған,  
Сәлем беріп бас ұрған.  
Жақсылығын жайылтып,  
Жамандығын қашырған.  
Жақсы кісі атанған,  
Мырзекене бір сәлем!

Тай-күнанын мактаған,  
Шөбі көп жерді жақтаған,  
Сексен сомға бір атын  
“Сат!” десе де, сатпаған.  
Жазы, қысы, өмірі  
Жайлы жерге жатпаған.  
“Көрімдік бер”— деп айтар деп,  
Жан-жағына бақпаған,—  
Сараң байға бір сәлем!

Бедеу атқа жем берген,  
Тылдадан дабыл өндеген,  
Нан тілесе, май берген.  
Бай кісі мен байғұсты  
Бәрін бірдей тең көрген.  
Шөлдеп келген кәріпке,  
Бал, кант қосып шай берген,  
Жомарт байға бір сәлем!

Таз үлкені Құлшықлай,  
Кейбір таздың бастары,  
От шықпаған күмшықтай.  
Жүсіп таздың бастарын,  
Төрт-бес күрт келіп шымшыпты-ай!  
Таздың аты Батырбай,  
Кей таздардың бастары,  
Шөп шықпаған тақырдай,  
Түгел тазға бір сәлем!  
Даладан отын тасыған,  
Орақпен бұтын қасыған,  
Насыбай атып түкіріп,  
Аузы боктай сасыған,  
Көмекейі ашыған,  
Отырып көрмей еш рақат  
Ертеңді-кеш жүгіріп,  
Бейнет көріп жасыған,  
Бетінің нұрын қашырған.  
Қапыл қалған ақылдан  
Бұрынғы өткен нақылдан,  
Дүниеқорға бір сәлем!

Арғымак мініп жемдеген,  
Пайдасы жоққа ермеген.  
Өз айтқаны болмаса,  
Бөтенге тіпті сенбеген.  
Мың рет өтірік айтса да,  
Жалғыз сөзден өлмеген.  
Халық “жаман”,— десе де,  
“Өзімдікі жөн”,— деген.  
“Пайда ал”,— десе, үш тиын,  
Сом бермесе көнбеген,  
Батылдыққа бір сәлем!..

Сықпа кетпес өреден,  
Ата-ененің салты сол  
Сен де бол, қарғам, береген.  
Сиыр берсін қарадан,  
Қатығы кетпес шарадан  
Төс алдыңа келгенде,  
Тәстігін бөлек кесіп ал.  
Бет ашқан құрбым қайда деп,  
Сонда мені есіңе ал!

## ТОЙБАСТАР

(ХАЛЫҚ ӘНІ)

Белгісі той қылғанның отау жабар,  
Қықу сап жас балалар атқа шабар  
Той қылған қыз әкесі мырза болса,  
Жігітке той бастаған шапан жабар.

*Қайырмасы:*

Ақсай деген жеріміз,  
Кең жайлаған еліміз.  
Үйрек ұшып, қаз қонған,  
Дария шалқар келіміз.

Дегенде той қылған қыз, той қылған қыз,  
Тойына тоғыз бие сойдырған қыз.  
Атын ерттеп, түйесін қомдап қойып,  
Бір жаққа жүрейін деп ой қылған қыз.

*Қайырмасы:*

Келеді айым туып оң жамбастан,  
Құдайым айырмасын тең құрдастан,  
Құдайым айырған соң тең құрдастан,  
Қайтеді жаратпаса әуел бастан.

• • •

Баглан серке,  
марқасқа қой бастайды,  
Қой алдында жануар ойқастайды,  
Құтты тойға кез болған жолды жігіт  
Бұрынғының жолымен той бастайды.

Құнан қойын шайлатып сойдырған үй,  
Табак-табак ет тартып тойдырған үй.  
Сәтті күн сәрсенбіде той қылыпсыз,  
Құтты болсын тойыңыз, той қылған үй!

Жорашыға лайық жол тұрады,  
Жампоз нарға лайық қом тұрады.  
Құтты болсын тойыңыз, үй иесі,  
Той есесін тәңірім толтырады.

Қотан толы қойыңыз қойға ұлассын!  
Қырға сыймай шуласып ойға ұлассын!  
Құтты болсын айтамыз тойыңызға,  
Той иесі, тойыңыз тойға ұлассын!

## КІТАПШАДАҒЫ НЕКЕ, ОТБАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРГЕ АУДАРМАШЫДАН ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕ

### А

1. *Аужар* — қыз ұзатыларда ата-ана, құрбы-құрдас, ел-жұртымен қоштасып айтатын ән.

2. *Ата өлсе — жеңге мұра, іні өлсе — келін мұра, ат өлсе — сауыры мұра* — қазақта ер-азамат өлгенде жесірін қайнағасына иә қайнысына қосатын дәстүр болған. Бұл — жесір әйел кім көрінгенге көз түрткі болып, тұрмыс тауқыметін тартпасын, жетім бала ата жұртынан сыртқа кетіп жат болмасын деген жақсы ниеттен, тіршілік талабынан туған дәстүр.

3. *Ақ қойдың қаны тамғаны, ақ бата оқылғаны* — қазақтар әлдене жөнінде келісімге келіп, бітім жасағанда, уағдаласқанда, ақ ниеттің белгісі ретінде ақ қой сойып, бата қылған. Әдетте құдаласу рәсімінде де ақ қой сойылып, ақ бата жасалады.

4. *Арамзада* — некесіз туған бала.

5. *Аталы ұл — қожалы құл* — көргенді бала әке сөзін екі етпейді, яки тәрбиелі ұл-қыз әке-шешесінің, жалпы үлкеннің алдын кесіп өтпейді деген қазақы тәртіпті білдіреді.

6. *Аяқ жақсы* — қалың малдың “бас жақсы” деп аталатын ең бағалы бөлігіне қосымша, нақ ұзатылу тойы болар алдында төленетін, төрт түйеден тұратын төлем.

### Ә

1. *Әменгер* — еркек өлгенде оның жесірін ағасы иә інісіне, яки әменгерге қосады.

2. *Әкелі жетім — арсыз жетім, ежелі жетім — ерке жетім* — әйелдің отбасындағы орнын қастерлейтін, бағалайтын мақал. Әйелі өлген еркектің екінші қайтара әйел алмайтыны кемде-кем. Жетім бала еріксіз өгей шешеге кіріптар болады.

3. *Әке көрген оқ жоңар, шеше көрген тон пішер* — әкенің ұлға, шешенің қызға үлгі екенің, баланы сөзбен емес, іспен тәрбиелеу керектігін мегзейтін мақал.

1. *Бәйбіше* — бірінші, ең үлкен әйел, отбасында отағасыдан кейін билік жүргізетін адам.

2. *Балам, жаман болма, атаңа нәлет келтірерсің*, — дейді әке қызын жат жұртқа аттандырып тұрып.

*Балам, қызымды қорлама, атағымды өлтірерсің*, — дейді қайын ата күйеу баласына қызын табыстап тұрып.

3. *Баламалы қалың* — бай адамдар беретін толық қалың малға шамасы жетпеген орта шаруа адамдар алмасатын қалың малдың атауы, ол 20 және 40 бас аралығында болады.

4. *Балдыз қалың* — күйеу ұрын барғаннан кейін қалыңдығы өліп, күйеуге балдызын қосқан жағдайда төленетін қосымша қалың мал. Күйеу ұрын барып үлгермесе, балдызын әпкесінің орнына тегін алады.

5. *Бас жақсы* — қалың малдың ең бағалы, көрнекті бөлігі, ол бес түйенің құнына татитын мына дүниелерден құралуы керек: а) мерген мылтық, ә) сауыт, б) жүйрік ат, г) дулығалы қара нар.

6. *Бедеу* — бала тумайтын әйел, қазақтар ондайды “бітеу тақта, бедеу әйел” деген. Әйелі бедеу еркек оны төркініне қайтарып, қалың малын толық қайтарып алуға құқылы болған.

7. *Босаға* — тура ұғымында: үйдің кіре берісі, кең ұғымында — үй, отбасы. Қазақтар жас жұбайларға: “босаған берік, шаңырағың биік болсын”, “босағаннан береке кетпесін” деп тілек айтады.

## Д

1. *Дөңгелек қалың мал* — ең шағын көлемді қалың мал, он бас малдан тұрады.

2. *Домалақ қырық жеті* — қырық жеті байталдан (үш жасар) тұратын қалың мал.

## Ж

1. *Жаулық* — күйеуге шыққан әйелдің бас киімі, ақ бәтестен, бөзден, жібектен тігіледі.

2. *Жақсылы қырық жеті* — қалың малдың ең жоғарғы, бағалы түрі. Мұнда бас жақсы мен аяқ жақсы тек жылқыдай беріледі.

3. *Жар-жар* — келін түскенде күйеудің құрбы-замандас, қарындас-жеңгелері қарсылап салар ән.

4. *Жыртыс* — үйлену тойында жасалатын ең басты кәделердің бірі. Жыртыссыз той өтпейді. Бұрын күйеу қалыңдығына ұрын барғанда, ұзатып алып кетерде оның жеңгелеріне, сіңлілеріне жеке-жеке көйлектік кездеме тартқан, сол тартуды жыртыс деп атаған. Қазір жыртыстың мәні өзгерді, көбіне жыртыс той бастардан кейін таратылады. Кейде әлік жөнелткенде де жыртыс жыртылады.

5. *Жасау* — қазақ есуақытта қызын жасаусыз ұзатпаған. Ұқыпты әйел қызының жасауын туғаннан жинайды. Жасау құны қалың мал құнынан

кем болмауға тиіс. Жасау төсек-орын, үй-жабдығы, тағы басқа тұрмысқа керекті мүліктерден құралады.

6. *Желек* — жас келіннің алғашқы жылы басына салып жүретін сәнді жамылғысы. Желек — жібектен тігіліп, жиегі алтын жіппен зерленеді. Келін болып түскеніне бір жыл толмаған келіншекті “желегі басынан түспеген келіншек” десе­ді.

7. *Жеңге* — ағаның әйелі іні мен қарындасқа жеңге болады.

8. *Жеңгетай* — қыз бен жігіттің арасында дәнекерлік ететін әйелді осылай атайды. Әдетте қыз жеңгесі күйеу мен қалыңдықтың арасында жеңгетайлыққа жүреді. Күйеу қалыңдығын көру үшін қыз жеңгесіне жеңгетай сыйлық береді.

9. *Жігіт түйе* (қалың түйе) — қалың малға қосымша төлем, екі түйеден кем болмауы керек.

10. *Жиендік қылу* — қыздың баласы жиен деп аталады. Қыз баласының қандай да болмасын еркелігін, тентектігін қазақтар “жиендік қылды” деп көтере берген. Бұл дәстүрде де қызын сыйлайтын қазақтың ер мінезі көрінеді.

11. *Жиырма жеті* — қалың малдың бір түрі, жиырма жеті бастан тұрады. Жиырма жетіні көбіне орташа ауқатты адамдар береді.

## Е

1. *Ениі* — ер балаларын бөлек шығарғанда әрқайсысына бөліп беретін мал-мүлік.

2. *Ерден кетсе де, елден кетпес* — бұл да әмеңгерлікке қатысты туған мәтел. Бауырында баласы бар әйелдің күйеуінің жұртынан қара үзіп кетуі мүмкін еместігін көрсетеді.

## К

1. *Кәде* — құдаласу, некелесу кезінде болатын алыс-берістің бір түрі. Қазақта: “Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды” деген бар, демек, қазақ үшін күйеу кәдесінің мәні өте зор, кәде — күйеудің қайын жұртына деген iltipat-құрметінің бір көрінісі саналады.

2. *Келін көрімдік* — келінді қайын ата, қайын ене, қайнағаларына көрсету рәсімі кезінде келіннің соңына ерген қыз-келіншектерге берілетін тарту.

3. *Кенже бала* — отбасындағы ең кіші ұл. Қазақтар кенже баланы үйдің несі санап, қатты қадірлейді.

4. *Күйеу жолдас* — күйеудің қасына ерген бас нөкері, қалыңдық ауылына барғанда күллі күйеу кәделерінің жасалуына жауапты адам.

5. *Киім* — құдаласу кезінде екі жақтың бір-біріне тартатын тартуы. Киім жағалы киімнен басталып, кездемелермен бітеді.

6. *Кінә менде* — қызды ұзату тойы үстінде қалыңдықтың құрбы-жеңгелері мен күйеудің нөкер жігіттері айтысқа түседі. Айтыстан жеңген жақ жеңілушілердің көңілін аулап түрлі сыйлықтар береді. Осы рәсім “кінә менде” деп аталады.

7. *Күшік күйеу* — қайын атасының малына малын қосып, қолына кірген күйеуді осылай атайды. Күшік күйеу қайын атасының мал-мүлкінің бір мұрагері саналады. Тегінде қазақтар күшік күйеуге қомсына қарайды, сондықтан жігіттер қайын атасының қолына кіргенді ар санайды. Көбіне жоқ-жітік, жалқы жігіттер күшік күйеу болады.

## Қ

1. *Қара мал* — қалың малдың негізгі бөлігін осылай атайды, қара мал ірі қара мен түйеден тұрады.

2. *Қарсы құда* — екі жақтың өз ара қыз алмасуы, бұндай құдалықта қалың мал жүрмейді, тек құда күту, киіп киізу, күйеу кәделері жасалады.

3. *Қылышы қынынан суырылмаған* — күйеуі әйелін ойнас үстінде ұстағанын білдіреді.

4. *Қыз қашар* — күйеу қалыңдығын әкетуге барғанда, қызды әдейі көрші ауылға қашырып жібереді. Күйеу қалыңдығын қуа барып, қыз жасырынған ауылдың бәйбішесіне бағалы сыйлық тартуы керек. Осы кәде “қыз қашар” деп аталады.

5. *Қыз көтерер* — жастардың той-думанына қалыңдықты кілемге отырғызып, қошаметтеп апаратын дәстүр бар. Кілем шетін ұстаушыларға күйеудің беретін кәдесі “қыз көтерер” деп аталады.

## Ң

1. *Неке жаулық* — неке қияр кезінде күйеу қалыңдығының жеңгелеріне ақ жібектен, бөзден, бөтестен көйлектік кездеме сыйлайды, сол кездемелердің бір шаршысы қалыңдықтың басына жабылады. Сол ақ шаршы неке жаулық аталады.

2. *Неке асы* — неке қияр аяқталғаннан кейін күйеу қайын атасы мен қайын енесіне дастарқан жайып, тарту-таралғы береді.

3. *Немеурін* — жеке отау құрған жас жұбайларға екі жақтың көмегі. Бұл көмек малдай да, дүние-мүліктей де беріледі.

## О

1. *Он жеті* — қалың малдың ең төменгі түрі, ол 17 бас ірілі-ұсақты малдан тұрады. Кейде он жеті қой-сиырдың орнына, екі жылқы берумен шектеледі.

2. *От ана, май ана, жарылқа* — келін түсіп, алғаш табалдырықтан атап кіргенде енесі иә абысыны отқа май құйып: “от ана, май ана, жарылқа” деп бетін сипап бата қылады. Келін отқа тәжім етеді. Бұл дәстүр — отбасының жытуы бұзылмай, асы майлы, яки мол болсын деген ниетті білдіреді.

3. *Отбасы* — үй иесі, отбасының үлкені дегенді білдіреді.

4. *Отау* — жас жұбайлардың бөлек үйі.

5. *Отау жабар* — жас жұбайлар отауының киізін жапқан әйелдерге берілетін кәде.

## Ө

1. *Өкіл әке* — ұзатылар қыздың өз әкесінен басқа өкіл атасы болады, ол көбінесе қыз әкесінің орнына құдалыққа барады, қыз жасауының салмағын тең көтеріседі. Қалыңдық та өз кезегінде өкіл әкесіне ерекше құрмет көрсетіп, бөтен жұртқа ұзатыларда оған өз жасауынан бір зат сыйлап кетеді.

2. *Өлі-тірі* — қыз ұзатылып, бөтен жұртқа кеткеннен кейін оның әкешесіне қызының өлі-тірісін, яки жал-жағдайын білдіру үшін құдалар жақтан арнайы кісі жіберіледі. Ол қыздың әке-шешесіне бір сойыс мал, көр-жер сыйлық әкеледі. Осы ырым өлі-тірі деп аталады. Қыздың әке-шешесі өлі-тіріге әкеліген малды сойып, ел-жұртқа таратады, өздері өлі-тіріден ауыз тимейді.

## С

1. *Сары жаулық* — әлдебір айтыс-тартыста, барымта кезінде еркек өліп, артында жесірі қалса, құныкердің туыстары шейіттің құнын төлейтінін білдіріп жесірге сары түсті жаулық жібереді, жесір сары жаулықты бір жыл басына тартып жүреді.

2. *Сәукеле* — түрлі асыл тастармен әрленіп, жібек жіптермен зерленген сәнді бас киім. Некесі жаңа қиылған жас келіншектер киеді. Сәукеле — қыз жасауының ең көрнекті дүниесі.

3. *Сүт ақы* — күйеудің қыз анасына беретін сый төлемі. Ақ сүтін беріп асырап-сақтаған қызын өзіне қиғанына ризашылығы, алғысы десе де болады.

## Т

1. *Талақ* — ерінің әйелімен ажырасуы құранда “талақ тастау” деп аталады. Еркек әйелімен ажырасуы үшін үш мәрте “сен талақсың” деп айтуы керек. Бір немесе екі рет талақ болған әйел үш ай, он күннен кейін күйеуімен қайта қосылуға ерікті болса, үш рет талақ болған әйел күйеуімен ешуақытта қайта қосыла алмаған.

2. *Течтек бақан жияды, телі қатын жияды* — құран бойынша төрт әйел алуға рұқсат болғанмен, қазақтардың тым көп, әсіре қатын алғыштықты қолдамайтынын көрсететін мақал.

3. *Той мал* — қалыңдықтың ұзатылу тойына күйеу әкелетін мал. Оның саны әркімнің әл-ауқатына қарай болады.

4. *Тұл еркек* — әйелі өлген еркек.

5. *Тұлды ат* — иесі өлген ат.

6. *Төркін* — тұрмыстағы әйелдің өз жұрты.

7. *Төркіндеп келу* — тұрмысқа шыққан қыздың өз еліне алғаш келуі. Төркіндеп келген қызға енші беріледі.

## Ұ

1. *Ұрын келу* — екі жақ қол алысып, төс қағысып құдаласқаннан кейін күйеу қалыңдығымен жүздесуге барады. Оның осы алғашқы келуін ұрын келу дейді. Ұзатылу тойына дейін күйеу әлденеше рет ұрын келуі мүмкін.

## Ү

1. *Үкі тағу* — жігіттің әке-шешесі көңілдеріне жаққан қызға құда түсер алдында қорасына мал кіргізіп, өзіне сый тартады. Бұны қазақ “үкі тағу” яки белгі салу деп атайды.

## І

1. *Ілу* — күйеу ұрын келгенде әкелетін малдай төлем, кейде ілудің көлемі қара малға жетіп жығылады. Ілу — қалың малдың бір бөлігі болып есептеледі.

2. *Іргеден шығару* — жесір заңды әмеңгерге шықпай, жат жұртқа кетсе, күйеуінің мал-мүлкінен үлес ала алмайды, тек төркінінен келген жасауымен ғана кетеді, іргеден шығару деп осы дәстүрді айтады.

## ІІІ

1. *Шатыр байғазы* — күйеу қалыңдығын әкетуге келгенде оған арнайы отау тігіледі. Өзіне арналған отауға кірерде күйеу үйді тіккен қыз-қырқынға әртүрлі сыйлық береді. Осы кәде “шатыр байғазы” аталады.

2. *Шауып келді* — күйеу қалыңдығын әкелерде бірден қайын жұртына келмей, көрші ауылға түсіп, қайын атасына шабарман жібереді. Қыз ауылының жігіт-желендері атқа мініп, күйеуді қарсылауға жөнеледі, күйеуге бірінші шауып жеткен адамға сыйлық беріледі. Бұл кәде “шауып келді” аталады.

3. *Шашу* — күйеу алғаш қалыңдығының ауылына келгенде, сондай-ақ қалыңдық келін болып түскенде түрлі тәтті-дәмдіден шашу шашылады. Бұл — көл-көсір қуаныштың белгісі болып саналады. Шашу құдалар келгенде де шашылады.

4. *Шыққан қыз, шиден тысқары* — күйеуге шыққан қызға әке-шешесінің, туған-туысының әмірі жүрмейді дегенді білдіреді.

## МАЗМҰНЫ

Қазақтардың заң орнына жүретін дәстүрлері жөніндегі жазбалар . . . . .	3
Қазақ некесінің ерекшеліктері . . . . .	15
Неке қияр, қыз ұзатар . . . . .	25
Қазақтардың ордасында заң есебінде жүретін дәстүрлер . . . . .	29
Қазақтардың дәстүрлік заңдары . . . . .	32
Той қызығы — кәделі жыр . . . . .	36
Кітапшадағы неке, отбасына қатысты қазақы сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерге аудармашыдан қысқаша түсініктеме . . . . .	58

## ҚАЗАҚЫ НЕКЕ

Сарашысы — *О. Әбділдаев*  
Суретшісі — *С. Макаренко*  
Көркемдеуші сарашысы — *С. Макаренко*  
Техникалық сарашысы — *Л. Самойлова*

ХБ № 4870

Теруге 25.06.93, жіберілді. Басуға 10.11.93, қол қойылды. Қалпы 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub> Қағазы офсет. Қаріп түрі „Тип Таймс“ Офсеттік басылыс. Шартты бояу көлемі 4,5. Шартты баспа табағы 4,0. Есептік басылу табағы 3,39. Ұзын саны 30000 дана. Тапсырыс 1484. Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрілігінің „Жел-тын“ баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрілігіне қарасты „Кітап“ фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

